



■ ҚАЛА МЕН САЛА

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП БІТЕ МЕ?

4-БЕТТЕ



■ МӘСЕЛЕ

ИНТЕРНЕТ ТҮТҚЫНЫНА АЙНАЛМАЙЫҚ

7-БЕТТЕ



■ ТӘУЕЛСІЗДІК

30 ЖЫЛДЫҢ СЫНДАРЛЫ СӘТТЕРІ

8-9-БЕТТЕР

№21

(4145)

Сейсенбі
23 ақпан
2021 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елорда әкімінің бастамасымен іске қосылған «BIRGE» сайты арқылы астаналықтардан көптеген идеялар түсіп жатыр. Қаланы дамыту бойынша ең тартымды әрі тиімді ұсыныстар «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспарында көзделген жобалардың аясында жүзеге асырылатын болады. Осы орайда Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында бас қаланы абаттандыру жұмысы қалай жүргізілетінін мәлім етті.

2-БЕТТЕ



МЕКТЕПТЕР КАРАНТИНГЕ ЖАБЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова елорданың білім беру ұйымдарындағы коронавирус статистикасын жария етті.

«2021 жылдың 22 ақпанындағы жағдай бойынша жаңа оқу жылы басталғаннан оқушылар арасында КВИ 1017 жағдайы тіркелген, оның ішінде кезекші сынып оқушылары арасында 232, қашықтан оқыту бойынша оқушылар арасында – 785 жағдай. 79 мектеп карантинге жабылды, қазіргі уақытта 21 мектепте карантин жалғасуда» деді бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ұйымдастырған онлайн-брифингте.

Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына баратын 94 балада КВИ анықталды. 2260 қарым-қатынаста болғандар медициналық бақылауға алынған.



ЖАҢА АМФИТЕАТР АШЫЛАДЫ

Елордада жаңа амфитеатр пайда болады. Бұл жөнінде Нұр-Сұлтан қаласы Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен Instagram парақшасында мәлім етті.

Қала тұрғындарының өтініші бойынша Президенттік саябақта ашылатын жаңа амфитеатрда ашық аспан астында би қойылымдарын, спектакльдерді, концерттерді және түрлі қалалық іс-шараларды өткізуге арналған алаң болады. Амфитеатрда кәсіби өнер ұжымдарымен қатар әуесқой өнерпаздар да өз шараларын өткізуге мүмкіндік алатын болады.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК КӨРІКТІ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ БОЛАДЫ



МИКРОКРЕДИТ МАШАҚАТЫ

Қаражаттан қысылғанда кімнен қарыз сұрайсыз? Бай досыңыз болмаса, өзіңіздей жандардың бәрінде несие бар, өздері жалақы күтіп жүргенде оңай бере салсын ба? Осындайда жылдам қарыз беретін микрокредиттік ұйымдарға жүгіне аласыз. Әрі қарай не болады, сараптап көрелік...

6-БЕТТЕ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 506.28

\$ USD/KZT 416.62

₽ RUB/KZT 5.68

¥ CNY/KZT 64.55

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ТАСҚЫНҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР КҮШ АЛАДЫ

Арық-науа желілерін, нөсер кәрізі жүйесін тазарту, сол сияқты нөсер кәріздері мен тазарту құрылыстарын салу, қорғау бөгетін реконструкциялау секілді іс-шаралардың кешенді жоспары бекітілді. Қалада су тасқынының қаупі бар учаскелер саны өткен жылдармен салыстырғанда 8 учаскеге азайды. Су тасқынына қарсы іс-шаралар әкімдікте өткен кеңесте талқыланды. Жиынға елорда әкімі Алтай Көлгінов ТЖД, «Қазсушар» РМК, «Қазгидромет» РМК өкілдері, ведомстволық бағынысты құрылымдық бөлімшелер және т.б. қатысты.

Осылайша, Астана су қоймасының жоспарлы жұмыс кестесі бекітілді. Өткен жылдың күзінен бастап Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі су жинайтын құрылғысы бар қорғаныс бөгетін қайта құру бойынша құрылыс-монтаж

жұмыстарын жүргізуде. Бұл реттегіштің өткізу қабілетін арттырады.

Су тасқынының алдын алу және салдарын жою үшін инертті материалдар қоры дайындалды. Азаматтық қорғау органдары, коммуналдық қызметтер тұрақты

дайындыққа келтірілді. Қарды уақытылы тазалау ерекше бақылауға алынды. Бүгінгі таңда қала аумағынан 2,6 млн текше метрден астам қар шығарылды. Күн сайын қаланы санитарлық тазалауға 1100 бірлік арнайы техника мен 2 мың жол жұмысшы



шығады. «Қазгидромет» РМК деректері бойынша топырақтың қату тереңдігі 73 см құрайды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 40%-ға артық.

Қала басшысы қорғаныс бөгетін қайта құру бойынша Контреттегіште жүргізіліп жатқан жұмыстарды ерекше бақылауға алуды, Майбалық көлінен Нұра-Есіл арнасына дейінгі аралықта тазарту жұмыстарын бастауды,

тұрғын үй алаптарына ерекше назар аударуды тапсырды. «Өткен жылы жауын-шашын көп болды, су тасқынына қарсы іс-шаралар бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп, су басудың алдын алдық. Биыл жер қыртысының қатуы тереңірек екенін ескеру қажет. Сондықтан су басу қаупін азайту қажет. Қаланың тұрғын үй алаптарына ерекше назар аудару керек» деп атап өтті елорда әкімі.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК КӨРІКТІ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ БОЛАДЫ


(Соңы. Басы 1-бетте)

«Биыл аумақтарды абаттандырып, қала тұрғындары мен қонақтары уақытын пайдалы өткізетін жаңа көпшілік орындар құру жұмыстарын жалғастыра-

мыз. Мысалы, қала саябақтарын жасыл артерияға айналдыруды жоспарлап отырмыз: велосипедпен жаяу жүргіншілер жолдары жасалады.

Тұрғындар жаздың шуақты мезгілдерін ерекше жақсы көреді.

Қалаға бір жағажай жеткіліксіз. Ақбұлақ өзенінің жағалауын абаттандыруды шештік. Қалада жаңа жағажай пайда болады. Оқушылар сарайының жанында тағы бір скейт-саябақ ашылмақ. Президенттік саябақта тақтай



төселген жағалау жасауды жоспарлап отырмыз.

Кездесу кезінде спорт федерацияларының басшылары - саябақтарда спортшылар мен басқа да спортпен шұғылдана-тын адамдар киім ауыстырып, спорт жабдықтары мен заттарын сақтай алатын орын-жайлардың болмауы мәселесін көтеріп еді. Сондықтан Триатлон паркте спорт павильонын ашамыз. Онда киім ауыстыратын бөлмелер, жаттықтырушылар мектебі орналасады. Бұл жобаны қаланың басқа саябақтарына кеңейтетін боламыз. Парктерді мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүдделерін ескере отырып дамытамыз. Былтыр жаңа қоғамдық кеңістіктеріміз көпшіліктің көңілінен шықты. Мысалы, Көктал елді мекенінде үлкен саябақ ашылды, Сарайшық көпірінің астында спорттық аймақтар пайда болды, қаланың жас тұрғындарының өтініші бойынша алғашқы скейт-аймақ ашылды. 76 гектардан астам жер абаттанды. Қаланың ескі бөлігі мен елді мекендерге баса назар аударылды. Биыл да бұл жұмыс жалғасды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жаңа қоғамдық кеңістіктер (саябақтар, скверлер, бульварлар) құру, аула

аумақтарын абаттандыру - қала тұрғындарына спортпен айналысуға, салауатты өмір салтын насихаттау үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қаланың барлық аудандарын көгалдандыруды жалғастырамыз. Елбасы атап өткендей, қаланың бас жоспары ғимараттардың, жасыл желектер мен орманның симбиозы ретінде жасалды - «үйлер мен ғимараттардың айналасында ағаштар отырғызылып, аумақ жасыл болуы керек, ғимараттың айналасында бос жерлердің болмауы шарт». Сіз де қаланы көгалдандыруға қатысып, өз үлесіңізді қоса аласыз!

Елорданы «Нұр-Сұлтан - жайлы қала» мастер-жоспары аясында дамытудамыз. Елордамызды бірлесіп дамыту және қаланы шын мәнінде жайлы ету үшін BIRGE (BIRGE) сайты іске қосылды (<https://birge-elorda.kz/nur-sultan/>). Осы платформада сіз әртүрлі бағыттар бойынша ұсыныстар мен өз көзқарасыңызды қалдыра аласыз. Платформаның жұмыс істеу процесі қарапайым: бірінші - идеяны ұсыну, екінші - іріктеу, үшінші - жобаны жүзеге асыру. Осы аптада 115-тен астам ұсыныс түсті. Қалада тұрғындардың ең жақсы ұсыныстарын жүзеге асырамыз» деп жазды елорда әкімі.

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Ақмола облысында бұқаралық спортты дәріптеуге және халық арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған «Орнықты 30 қадам» акциясы басталды. Қатысушылар облыс орталығының көшелерімен жаяу жүргіншінің қозғалысын тіркейтін қосымшада «30» саны болатындай етіп жүгіруі қажет. Іс-шаралар жоспары «Құлагер» ұлттық және халықтық спорт түрлері бойынша түрлі спорттық шараларды қамтиды.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Биыл Атырау облысында жұмыс істеп тұрған шаруашылықтар 10 мың тонна тауарлы балық өсіруді жоспарлап отыр, бұл 2020 жылға қарағанда 1,5 тоннаға артық. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 15 мың тоннаға дейін арттыру жоспарланып отыр. «СевКаспийФиш» 850-900 га жер учаскесінде 1100 тоннаға жоспарланған балық аквамәдениетін дамытуды қолған алған.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Облыста 36 мыңнан астам азамат әлеуметтік тұрғын үй кезегінде тұр. Өткен жылы өңір бойынша 530 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 26%-ға артық. Яғни 6 500-ге жуық отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартқан. Биыл кезекте тұрған 3 мыңнан астам адамды әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланған.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Түркістан қаласын дамыту бағытында әкімшілік-іскерлік орталығында 14 нысанның құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Осы жылы «Керуен сарай» туристік кешені ашылып, «Қасқасу туристік-рекреациялық кешені» жобасы іске асырылады. Түркістан, Шымкент және Ташкент арасында жоғары жылдамдықты теміржол жобасы жүзеге асырылмақ.

БҚО

Өткен жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 3,7 құрылыс жұмыстары 0,3 тұрғын үйлерді іске қосу 9,1 пайызға артты. Газ өндіру көлемінің 6,8 газ конденсатының 6,9 пайызға өсуі есебінен өнеркәсіп көлемі 3,7 пайызға ұлғайды. Жалпы ауданы 529 мың шаршы метр 4838 пәтер іске қосылды. Биыл Орал мен Ақсай қалаларында кезекте тұрғандар үшін 1126 пәтер салу көзделуде.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Айнұр РАЙЫМ, елорда тұрғыны:

– Елордадан Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударғысы келетін азаматтардан құжат қабылданады деп естіп едім, соның мән-жайын түсіндіріп бермес пе екенсіздер. Бағдарлама талаптары қандай? Көшіп барғанда қандай көмектер болады?

Бұған қатысты Халықты жұмыспен қамту орталығының мәліметін ұсынамыз:

– Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында 22-23 ақпан күндері СҚО, Ақжар ауданына еңбек күші мол өңірлерден шыққан отбасыларды Ақжар ауданына қоныс аударуға шақырады. Отбасыларға көшуге субсидия түрінде отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (204190 теңге) біржолғы әлеуметтік көмек төленеді. Мемлекеттік жалға берілетін

тұрғын үйлер, 1 адамға 15 АЕК (43755), 2-4 адамға (52506), 5 және одан жоғары 21 АЕК (61257) тұрғын үйді жалдау немесе сатып алу үшін субсидиялар беріледі, жұмысқа орналасуға көмек көрсетіледі. Бағдарламаға қатысу шарттары: Кемінде 12 ай тіркелу және орта арнаулы немесе жоғары білімінің, мамандығының немесе біліктілігінің болуы. Құрамы кем дегенде 4 адамнан тұратын отбасы болу. Құжаттар Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25-үй, «Өркен» Іскерлер орталығында қабылданады.

ақпан 23 КҮНТІЗБЕ

1874 жылы ағылшын майоры Уолтер Вингфилд таза ауада ойнайтын жаңа ойынды патенттеді, қазір ол жұртқа теннис ретінде белгілі.

1886 жылы америкалық Холл электролиттік әдіспен алюминий алды.

1903 жылы Куба АҚШ-қа Гуантанамо базасын мәңгілікке жалға берді.

1944 жылы шешен-ингуш автономиялық республикасы таратылды. Шешендер мен ингуштар Қазақстанға, Орталық Азияға жер аударылды.



Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы аясында №4 мектеп-гимназиясында дәстүрлі Жамбыл оқулары өтті.

ЖЫР ДҮЛДҮЛІН ҰЛЫҚТАДЫ

Көктем ҚАРҚЫН

Қалалық деңгейде өткен Жамбыл оқуларына 62 мектептен 120 оқушы қатысты.

«Тыңда, дала, Жамбылды» атты ақын дастандарын жатқа оқу мамандандырылған I орынды №2 мектеп-гимназиясының оқушысы Ерасыл Теміршотов пен №87 мектеп-гимназиясының оқушысы Нишонгүл Сексенбаева иеленді. Жас ақындар арасындағы «Жүз жасаған атама жыр арнаймын» аталымында бас жүлде №87 мектеп-гимназиясының оқушысы

Айғаным Махсұтқановаға бұйырды. Ал I орынды №86 мектеп-гимназиясының оқушысы Асылжан Әртелбек қанжығалады. «Жыр алыбы – Жамбыл» деп аталатын ақынның еңбектері туралы эссе жазу номинациясында I орынды №82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, №67 гимназия, №40 мектеп-лицейі мен №58 мектеп-гимназиясы теңдей бөлісті.

Жыр алыбының жастарды рухани қасиеттерге тәрбиелейтін құнды қазыналарын таныту жолындағы шаралар алдағы уақытта өз жалғасын таппақ.

ҚАН ТАПСЫРУ – ҚАЙЫРЫМДЫ ІС

«30 игі іс» аясында елордалық Қазақстан халқы ассамблеясы мүшелері «Қан тапсыр – өмірді құтқар» акциясы аясында қан тапсырды. Қайырымдылық акциясына этномәдени бірлестіктердің, жастар ұйымдарының өкілдері, сонымен қатар Ассамблеяның қоғамдық және салалық ұйым өкілдері қатысуда.

«Таң» татар-башқұрт мәдени орталығы төрағасының бірінші орынбасары Равиль Валиевтің айтуынша, бұл акция «30 игі іс» бекітілген бағдарламасы аясында алғаш рет өтуде. «Біз Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі ретінде жүйелі түрде қан тапсырамыз. Биыл бізде қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің қатысуымен ҚХА Кеңесінің отырысы өтті. Отырыс аясында біз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына «30 игі іс» бағдарламасын бекіттік. Ал бүгінгі акция «30 игі іс» бағдарламасы аясында алғаш рет өтіп тұр» деді ол.

Сонымен қатар ол әр жарты жыл сайын өтіп тұратын «Қан тапсыр – өмірді құтқар» акциясы аясында ҚХА мүшелерінің жүйелі түрде қан тапсырып тұратынын атап өтті. «Қан тапсыру тек қоғамға ғана емес, сонымен қатар ағзаға да пайдалы. Мен осымен үшінші рет қан тапсырып



тұрмын. Жарты жыл сайын осы акцияны өткізіп тұрамыз. Ең алдымен біз тест тапсырып, одан кейін қан то-

бын тестілеуге барамыз. Ал әр акция кезінде 50-70 адам қан тапсырады» деді Равиль Валиев.

КӨЛІК КАРТАЛАРЫ ҚАЙТА ШЫҒАРЫЛАДЫ

2021 жылғы 1 наурыздан бастап «TRANSCARD» жеңілдігі бар және мектеп көлік карталарын қайта шығару бағасы 1000 теңге болады. Карталардың алғашқы шығарылымының бағасы бұрынғы қалпында – 500 теңге.



Бұл шара валюта бағамы мен жеткізушілерден сатып алу бағасының көтерілуіне, көлік карталарын жасауға арналған операциялық және шығындардың өсуіне байланысты қабылданды. Атап айтқанда, орнатылған NXP чипі бар Mifare Plus EV1 стандартындағы байланыссыз микропроцессорлық смарт-карталардың бағасы артты. Сондай-ақ аппараттық бағдарламалық кешенге қызмет көрсетудің құны жоғарлады.

Сондықтан, қазіргі уақытта барлық шығындардың өсуін және пайданы есептемегенде, көлік картасын шығару ша-

мамен 1000 теңгені құрайды. Жалпы алғанда 2021 жылдың басынан бастап 8 416 жеңілдігі бар және мектеп көлік карталары сатып алынды. Өткен жылы бұл көрсеткіш 59 732 құрады. Ал 2019 жылы 88 108 карта сатып алынған болатын.

Сондай-ақ жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің мәліметі бойынша, осы айда жолаушылар легі күніне 489 мыңды құрады. Олардың ішінде орта есеппен күніне 40 мың мектеп валидациясы жасалды. Ал жеңілдігі бар көлік карталары бойынша валидациялар – 85 мың.



Күн сайын полицейлер жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында мас жүргізушілерді анықтау рейдтерін өткізеді. «Сәтбаев көшесі бойында түнгі сағат 2-лер кезінде «Hyundai» маркалы автокөлігін тоқтатып, 29 жастағы қыздың куәлігін тексеру кезінде көлік салонынан алкоголь иісі сезілген. Көлік жүргізушісі медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан ол ереже талаптарын бұзды. Осы факті бойынша ол полицияға жеткізілді» делінген хабарламада. Әкімшілік соттың

шешімімен көлікті мас күйінде басқарғаны үшін жүргізуші 15 тәулікке уақытша ұстау изоляторына қамалды. Сонымен қатар ол 8 жылға көлік жүргізу куәлігінен айырылды. Келесі күні Арай көшесінде «ВАЗ» маркалы көлігі тоқтатылып, оны мас күйінде тізгіндеген 38 жастағы тұрғын ұсталды. Медициналық куәландыру нәтижесінде жеңіл дәрежеде масайғаны анықталды. Сот отырысында жүргізуші өз кінәсін мойындады. Сот шешімімен ол 15 тәулікке қамауға алынып, 7 жылға жүргізуші куәлігінен айырылды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Облыста 70 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, онда 126 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Шағын және орта бизнес субъектілеріне 11 миллиард теңге көлемінде қолдау көрсетілген. «Еңбек» бағдарламасы аясында жаңа бизнес бастамаларды іске асыру үшін 7,8 мың адамға 4,3 миллиард теңгені қайтарымсыз гранттары берілді. Ал 1,3 мың адам 5,4 млрд теңгенің шағын несиесіне қол жеткізді.

ШҚО

40 жыл бұрын есту қабілетінен айрылған Семей тұрғыны Ардақ Омар іскер әйелдер қауымдастығы және «Даму» қорымен де тығыз байланыс орнатқан. Енді оның бастамасы бойынша жуырда қалада алғашқы ым-ишара тілін үйрететін курс ашылмақ. Оған есту қабілеті нашар жандар ғана емес, кез келген адамның келіп тіл үйренуіне болады.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Тереңкөл ауданындағы балалар үйі жабылды. Биыл жылдың басынан бастап Кенжекөл ауылының отбасы үлгісіндегі балалар ауылынан жеті бала ата-анасын тапты. Соңғы үш жылда бұл жерден 70 ұл мен қыз отбасына асырап алынған. Соңғы үш жылда өңірде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың саны 25,6%-ға қысқарды.

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП, ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР КӨБЕЙЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының биылғы бюджеті 25 млрд теңгені құрап отыр. Бұл қаржы жолдар құрылысы мен көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталады. Соның ішінде жолдарды салу мен жөндеуге республикалық бюджеттен 4 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 4,2 млрд теңге қарастырылған. Қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында осыны мәлімдеген аталмыш басқарманың басшысы Жансұлтан Сапарбаев бұл бағыттардағы жұмыстармен таныстырды.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

ТҰРҒЫН АЛАПТАРҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛДІ

– Биыл жүзеге асырылатын 14 жобаның үшеуі бойынша тиісті жұмыстарды толығымен аяқтауды жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, Баянтау көшесі - №14 көшеден бастап №41 көшеге дейінгі аралықта, №27 көше – Тұран даңғылынан Бейсекова көшесіне дейін және №24 көше – Тұран даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейін жөнделеді. Қаржы министрлігіне қосымша

26 миллиард теңге бөлу туралы өтініш бердік. Сол жақтан жауап күтіп отырмыз, – деді Ж.Сапарбаев.

Жалпы алғанда жолдарды орташа жөндеу 67 көшеде жүргізіледі. Соның ішінде 40 көше тұрғын алаптарда орналасса, қалған 27 көше қаланың орталығында орын тепкен. Оған 5,5 млрд теңге бөлінген. Бұған қоса, Үкімет резервінен қосымша 10 млрд теңгеге сұраныс жіберілді. Егер ол қанағаттандырылса, орташа жөндеу 163 көшеде жүргізіліп, тұрғын алаптардағы 114 көше жөнделмек.

Аудандарға бөлгенде, Алма-

ты ауданында 25 көше (тұрғын алаптарда 16 көше), Байқоңыр ауданында 18 көше (тұрғын алаптарда 12 көше), Есіл ауданында 8 көше (тұрғын алаптарда - 3) және Сарыарқа ауданында жөнделетін 17 көшенің 10-ы шет аймақтарда орналасқан.

Сондай-ақ осы жылы Сейфуллин көшесін – Бейсековадан бастап Абайдың 150 жылдығы көшесіне дейінгі аралықта жөндеу жұмыстарын жалғастыру жоспарланды. Бұл – қаладағы ірі жобалардың бірі. Жоба құны 8,7 млрд теңгені құрайды. Өткен жылы бұл сомдан 2 млрд теңгеге жуық игерілді.



КӨПІРЛЕР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАЛАЙ БОЛАДЫ?

– Осы күндері Есіл өзені үстімен өтетін Тәуелсіздік даңғылы бойындағы көпір құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. Жоба осы айда дайын болады. Содан соң мұны мемлекеттік сараптамаға жібереміз. Егер сәуір айының аяғында, мамырдың басында оң шешімін алсақ, уақытты оздырмай іске кірісеміз. Биыл апатты болып танылған «бүкір» көпірді қалпына келтіруді аяқтауды да жоспарлап отырмыз, – деді Ж.Сапарбаев.

Тағы бір маңызды жоба – Күйші Дина көшесін – Жұмабаев даңғылынан бастап Абылай хан даңғылына дейінгі аралығының құрылысын аяқтау. Қалалық мәслихат депутаты Алмагүл Серізбай осының жайын сұрады.

– Алматы ауданының әкімі Бектенбай Есполовтың есебін тындағанымызда, ол бұл жоба бойынша проблема туындағанын айтқан еді. Бұл жөнінде сіз не айтасыз? – деген сұрақ қойды депутат.

Баяндамашы осы жобаны бастап, жауапсыздық танытқан мердігерді сотқа бергендерін, құқықтық мәселе шешілген соң, көше құрылысын аяқтау мәселесі пысықталатынын айтты.

– Тиісті жұмыстарды аяқтау шамамен алғанда 500 миллион теңгені құрайды. Жобалық-сметалық құжаттама дайын, ол ескірмейді және түзету енгізуді қажет етпейді, – деді Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы.

ЖҰМАБАЕВ ДАҢҒЫЛЫ НЕГЕ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛМАҒАН?

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов Жұмабаев даңғылының бір бөлігін жарықтандыру мәселесін көтерді.

– Бұл даңғыл баяғыда салынып, тапсырылды. Бірақ Момышұлы даңғылынан бастап «Сарайшық» шағын ауданына дейінгі аралығы қап-қараңғы. Алматы ауданының әкімдігіне хабарласқан едім, сол жақтан бұл аумақ балансына берілмегені жөнінде жауап келді. Кезінде аталмыш көше бойынша бағдарлама әкімшісі Көлік және автомобиль жолдары басқармасы еді. Балансқа алу керек қой, бұл жұмысқа не кедергі? Әлі есімде, Жұмабаев даңғылы 2008 жылы пайдалануға берілді. Міне, арада 13 жыл өтті. Бірақ «баяғы жартастас – бір жартастас». Жолдың осы аралығында жиі апатты жағдайлар туып жатады. Жол полициясы бұл туралы хабардар, – деді хатшы.

Белгілі болғандай, дәл қазір Жұмабаев даңғылының осы бөлігін аудан әкімдігінің балансына беру үдерісі жүріп жатыр. Осы орайда мәслихат хатшысы мұны тездетуді сұрады.

ЖЫЛЫ ПАВИЛЬОНДАР ЖЫЛУ ТАРТПАСА ЖАРАМАЙДЫ

Сондай-ақ Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы биыл бас қалада 20-дан астам жылы аялдама орнату жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Осы уақытқа дейін төрт ауданның әрқайсысында үш жылы аялдамадан орнатылған. Сонда барлығын қосқанда 12 болды. Осы айдың аяғына дейін сегіз жылы павильон ашылмақ. Ал жыл аяғына дейін тағы 20 жылы аялдама салынады. Осылайша қалада олардың саны 40-тан асатын болады. Яғни, әр ауданға 10-нан келеді.

Бірақ жылы аялдаманы орнатып қана қоймай, оған жылу қосу да керек. Ал осы жағына келгенде проблемалар жоқ емес. Осының жайын мәслихат депутаты Владислав Сергеев сұрады.


– Неге жылы павильондарға жылу беру үшін көп уақыт кетеді? Жолаушылар кейде соны бір жарым айға дейін күтеді, – деді депутат.

Жансұлтан Сапарбаев жылы аялдамалар биылғы 1 қаңтардан бастап аудандар әкімдіктерінің қарауына берілгенін айта келе, басқарма оларды орнатумен ғана айналысатынын жеткізді. Оның айтуынша, жылы павильондарды аумақтарға орнатуды да әкімдіктер шешеді.

– Ал жылы аялдамаларды жылуға қосу жүйесі бірден табылмайды. Сондықтан оларды ашу біраз уақытты алады. Мысал үшін «Керуен» сауда-ойын-сауық орталығы аумағын алайық. Мұндағы жылы аялдамаға жылуды маңайындағы тұрғын үйден тарту жоспарланған. Бірақ ПИК төрағасы бұған рұқсат бермеді. Сол себептен басқа амалдарды іздестірдік. Қорытындысында уақыт жоғалттық, – деді Ж.Сапарбаев. Осы орайда депутаттар жылы аялдамаларды орнату жұмысында шет аймақтарға басымдық беруді, олардың санитарлық жағдайына көңіл бөледі ұсынды.

Басқарма басшысы өз баяндамасында бағдарламаларды орнату жұмысы қалай жүргізіліп жатқанын да айтты. Оның айтуынша, былтыр қалада 20 бағдарламалар орнатылса, осы жылы соның 21-ін орнату жоспарланған.

2020 ЖЫЛЫ ЕЛОРДАДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР:




жолдар құрылысына **29,9 млрд теңге** бөлінді;

Жол инфрақұрылымының **20 нысаны** пайдалануға беріліп, жалпы ұзындығы **17 шақырымды** құрайтын **10** көшеде жолдар ашылды;



28 шақырым су құбыры, **27** шақырым нөсер сулары кәрізі, **21** шақырым тұрмыстық кәріз, **2** шақырым жылу құбыры желілері салынды.



ОН НЫСАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ:

- №29 көше (Мәңгілік ел даңғылынан №38 көшеге дейін);
- №38 көше (Ұлы дала даңғылынан №29 көшеге дейін);
- №26 көше (Тұран даңғылынан №37 көшеге дейін);
- әскери қалашық, 1-ші кезең («Тельман» тұрғын алабынан оңтүстікке қарай);
- «Жасыл» орамдағы төрт көше;
- Сарын, 15, 16 көшелер (Жұмабаев даңғылынан Қордай көшесіне дейін).

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРҒА КЕЛУ ЖОЛДАРЫ САЛЫНДЫ:

- №199, Е-16, Е-41, Е-17 көшелері;
- №191 көше жаңғыртылды (Алаш тасжолынан Сарытөбе көшесіне дейін);
- «Комсомольский» тұрғын алабында жолдар, инженерлік желілер салынып, жаңғыртылды (4-ші кезең).

«ШЕТ АЙМАҚТАРДЫ ДАМУ» БАҒДАРЛАМАСЫНА 5,024 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНІП, АЛТЫ ТҰРҒЫН АЛАПТА ТОҒЫЗ ЖОБА БОЙЫНША ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ:

- «Комсомольский» (2-ші, 4-ші кезең), «Оңтүстік-Шығыс» (сол жақ), «Достық», «Көктал-2» (1-ші, 2-ші, 3-ші кезеңдер);
- «Интернациональный» мен «Мичуринға» су құбыры мен кәріз желілері тартылды.

164 КӨШЕДЕ ОРТАША ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ.

ОҒАН 13,5 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ:

- 104 көше тұрғын алаптарда;
- 60 көше қаланың орталық бөлігінде.



ҚАУІПТІ АЙМАҚТАН ШЫҒУ ҚАТЕРДІҢ КЕТКЕНІ ЕМЕС

«Қызыл» аймақта бірде-бір өңірдің жоқтығы эпидемиологиялық ахуалдың тұрақталғанын көрсетті. «Сары» аймақта - тек төрт өңір. Дегенмен күніне елде 700-800 вирус жұқтыру дерегі тіркеліп отыр. Сондықтан сақтық нормаларына бағына отыра жаппай вакцинация қатар жүргізіліп жатыр. Жоспарланған кестеге сай бүгінге дейін 20 мыңға жуық қазақстандық екпе салдырды.

Ақпанның бірінде коронавирусқа қарсы жаппай егу жұмысын өздері жол көрсетіп бастап, екпенің бірінші дозасын алған Денсаулық сақтау министрлігі басшылары араға тура 3 апта салып, кеше «Спутник V» екпесінің екінші дозасын алды. Екпе салдырған Бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясов пен ДСМ вице-министрі Ажар Ғиниятың айтуынша, енді сәуір айында қазақстандық вакцина зерттеуінің үшінші фазасы аяқталғасын отандық екпемен егу жұмыстары басталады. Профилактикалық егудің мақсаты ұжымдық иммунитет қалыптастыру екенін еске салған олар COVID-19 қарсы вакцинация - қауіпті инфекциямен күресудің тиімді әдісі және қатаң шектеулердің жалғыз баламасы деп атап өтті. «Екпе мүлдем ауырмайды және қауіпсіз. Вакцинация алдында медицина қызметкері пациентті міндетті түрде тексереді, екпе салғаннан кейін адам 30 минут дәрігердің бақылауында болады» деді Е.Қиясов.



ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛУІ МҮМКІН
Ақпан айының ортасында үш күн бойы «қызыл» аймақта болған елорда қазір «сары» аймаққа ауысты. Қауіп аздау аймақты ұзақ

сақтап тұра алсақ, бекітілген критерийлерге байланысты шектеу шаралары жеңілдетілуі мүмкін. Қаланың бас санитар дәрігері Сархат Бейсенова бұл мәселе қазір талқыланып жатқанын айта келе:

«ҚР мемлекеттік бас санитарлық дәрігерінің 68-ші қаулысының негізінде сауда орталықтары жұмыс істемейді. Оның ішінде тек қана дәріханалар мен супермаркеттерге жұмыс жасауға рұқсат берілген. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік және шектеу шараларын жеңілдетуге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда ғана сауда орталықтарындағы киім дүкендерінің жұмыс істеуіне рұқсат етілуі мүмкін» деді.

ВАКЦИНА БӘРІНЕ ЖЕТЕДІ
Биыл 12 ақпанда ресейлік вакцина Қазақстан аумағында тіркелді. Кейін жүк «СҚ-Фармация» бірыңғай дистрибьюторының Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларындағы ірі хабтарына, әрі қарай аймақтарға жеткізілді. Қазір вакцина өндірісі Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында жолға қойылған. Оның көлемі ақпанда - 90 мың доза, наурызда - 150 мың доза, сәуірден маусымға дейін ай сайын 600 мың дозаға жетеді. Алдын ала мәліметтер бойынша, «Спутник V» вакцинасының тиімділігі шамамен 96% құрайды. Осы аптада аталған вакцинасының 2030 екінші компоненті елордалық Денсаулық сақтау басқармасының қоймасына жеткізілді. Екі компоненттің сыртқы бейнесі түс айырмашылығымен

ерекшеленді. Біріншісі - көк, екінші компонент - қызыл түсті. Бір флакон 5 адамға екпе салдыруға арналған.

ЕЛОРДАДА ЕКІ МЫҢ АДАМ ЕГІЛДІ

Вакцинациялау басталғалы бері елордада 2008 адам екпе алды. «Оның ішінде жедел жәрдем станциясы қызметкерлері - 63, алғашқы медициналық көмек ұйымдарының қызметкерлері - 1018, инфекциялық стационарлар - 161, реанимация бөлімшелерінің медицина қызметкерлері - 222, СЭК және ҰСО мамандары - 42, қалалық стационарлар - 383, президент ісі басқармасы қызметкерлері - 111 және ҚДС мамандары - 8 адам. Бүгінгі күннен бастап медицина қызметкерлерін 2 компонентпен вакциналау басталды» деді Нұр-Сұлтан қаласының бас санитар дәрігері Сархат Бейсенова. Жоспарда 5 700 адамға екпе салдыру көзделіп отыр. 21 күн бұрын екпенің бірінші дозасын алған Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов та кеше вакцинаның екінші дозасын алды. «Кішкене әлсіздік байқалды. Бірақ бұл екпе алғаннан кейін болатын әсер екенін білемін. Коронавирус жұқтырып, ауырып қалғанша, осылай екпе салдырып алдын алғанымыз жөн» деді ол екпеден кейін жарты сағат өткенде.

Бетті дайындаған Райхан ПАХМЕТОВА

ЖИНАҒЫН ЕМГЕ ҚИЯ МА?

Басқа баспана, шотқа несие жабуға ақша да керек. Дегенмен бірінші байлық бәрінен маңызды дегендерге Үкімет былтырғы қаулыға сәйкес Зейнетақы қорындағы қаржысын өзі мен жақындарының еміне пайдалануға мүмкіндік берді. Халық арасында осы мүмкіндікті пайдалануды көздегендер үй алуға ұмтылғандардай көп бола ма, белгісіз. Себебі «Отбасы банкіне» емге байланысты өтінімдер қабылдау 25 ақпанда басталады.

Жалпы Біржолғы зейнетақы төлемдерін емге пайдалану туралы бұйрық биыл 15 ақпанда бекітіліп, 17 ақпанда Әділет министрлігінде тіркелді. Өткен жұма Денсаулық сақтау министрлігіндегілер зейнетақы қорынан алынған қаражатты азаматтар қандай емге жұмсай алатынын халыққа түсіндірді.

ҚАНДАЙ ЕМГЕ ЖҰМСАЙ АЛАСЫЗ?

Сала министрлігі бекіткен зейнетақы жинағын пайдалануға болатын медициналық қызметтер тізбесіне сай азаматтар қордағы артық қаржысын 8 түрлі ем бойынша медициналық қызметтерге жұмсай алады. Атап айтқанда, орфандық ауруларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, емдеу, сондай-ақ емдеу тактикасын айқындау үшін диагностикалық зерттеулер, Қазақстан аумағында орналасқан медициналық ұйымдарда көрсетілетін стоматологиялық қызметтер, оның ішінде тісті протездеу және имплантация, операциядан кейінгі тыртықтар мен туа біткен ақауларды, сондай-ақ мастэктомиядан кейін түзету мақсатында реконструктивті және қалпына келтіру операциялары, радионуклидтік және радиойодтерапия, радиохирургиялық емдеу, протон терапиясы, офтальмологиялық қызметтер жатады. Медициналық қызметтердің осы тізбесі халықтың қажеттілігін ескере отырып қайта қаралуы мүмкін.

ӨТІНІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Денсаулығын түзетуді ойлаған азаматтар алдымен БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы немесе «электрон-

дық үкімет» веб-порталы арқылы біржолғы зейнетақы сомасын анықтауы қажет. Егер қордағы сома жеткілікті болса, онда азамат тіркелген жері бойынша медициналық ұйымға жүгініп, дәрігерлік комиссияның біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен емделуге жіберу туралы қорытындысын алады. Дәрігерлік комиссия өтініш берген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде зейнетақы төлемдері есебінен емделуге жіберу туралы не медициналық көрсеткіш болмаған жағдайда бас тарту туралы шешім қабылдайды. Қорытынды дәрігерлік комиссияның отырысы өткізілген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде беріледі.

Медициналық комиссия рұқсат еткен жағдайда өтініш беруші медициналық ұйымды таңдап, шарт жасасуы қажет. Содан кейін, ЭЦҚ көмегімен уәкілетті оператордың интернет-ресурсында өзінің жеке кабинетін ашып, онда сомасын, пайдалану мақсатын көрсете отырып, біржолғы зейнетақы төлеміне электрондық өтінішті толтыру, дәрігерлік комиссия қорытындысының сканерленген көшірмелерін, медициналық ұйыммен емдеу туралы шартты бекітіп және өзінің ЭЦҚ-мен куәландыру қажет. БЖЗҚ уәкілетті оператордан электрондық хабарлама алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын өтініш берушінің уәкілетті операторда ашылған арнайы шотына аударады.

ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУҒА ТӨЛЕНБЕЙДІ

Қаңтардың соңында «Отбасы банк» өкілдері қазақстандықтарға



Ләззат ИБРАГИМОВА, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі «Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы

Жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаржы жеткілікті болса, оны бірнеше рет түрлі ауруға пайдалануға болады. Сондай-ақ емделетін мекемені өтініш беруші өзі таңдайды, тек көрсететін қызметке медициналық орталықтың лицензиясы болуы керек. Бұл тізімге емі қымбат ауру түрлері енгізілген.

зейнетақы жинағының бір бөлігін экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКО) процедурасы үшін пайдалануға рұқсат беріледі деп сүйіншілеп еді. Бірақ кешегі соңғы бұйрық бойынша жинақты емге пайдалану тізімінен қолдан ұрықтандыруға қаржыны пайдалануға мүмкіндік беретін «көмекші репродуктивті әдістер мен техно-

логиялар» деген қызметті көре алмадық. Артынан банк баспасөз қызметіндегілер бұл ұсынысты Денсаулық сақтау министрлігі алып тастағанын нақты айтты. «Наурыздың басында шетелдік медициналық мекемелермен де жұмыс жүргізіледі. Яғни қордағы қаржыны өзге мемлекетте емделу үшін жұмсауға мүмкіндік

болады. Тек стоматологиялық ем-дом ғана елде жүргізіледі. Ал басқа ауру түрлеріне, жасанды жолмен ұрықтандыруға әзір қордағы қаржыны алу мүмкін емес. Себебі биыл бұған 7 мың квота бөлінген, - деді «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ орталық филиалының директоры Жансұлтан Матаев.

Зейнетақы жинағынан төленетін медициналық қызметтер:

- 1 орфандық ауруларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, емдеу, сондай-ақ емдеу тактикасын айқындау үшін диагностикалық зерттеулер,
- 2 Қазақстан аумағында орналасқан медициналық ұйымдарда көрсетілетін стоматологиялық қызметтер, оның ішінде тісті протездеу және имплантация
- 3 операциядан кейінгі тыртықтар мен туа біткен ақауларды, сондай-ақ мастэктомиядан кейін түзету мақсатында реконструктивті және қалпына келтіру операциялары
- 4 радионуклидтік және радиойодтерапия
- 5 радиохирургиялық емдеу
- 6 протон терапиясы
- 7 офтальмологиялық емдеу

Қаражаттан қысылғанда кімнен қарыз сұрайсыз? Туған-туыстан ақша алсаңыз, араңыз алшақтап кетуі әдбел мүмкін. Бай досыңыз болмаса, өзіңіздей жандардың бәрінде несие бар, жалақы күтіп жүргенде оңай бере салсын ба?! Осындайда жағдайыңызды жақындарыңызға жария етпей, жылдам қарыз беретін микрокредиттік ұйымдарға жүгіне аласыз. Олар екінші деңгейлі банктер сияқты бөлімшесіне барып, менеджердің жүзіне үңіле үміттеніп, сағаттап отыруды талап етпейді. Интернетке онлайн несие деп терсеңіз жеткілікті, жүзі шығады. Арасынан ұнағанын таңдап, ақша сұрай беріңіз. Алдымен сол ұйымның сайтына тіркелуіңіз керек. Ол үшін жеке куәліктегі бар ақпаратты көрсетуге тиіссіз. Тағы қаражаттың несие картаңызға түсуі үшін IBAN сәтіннен бастап, құпия CVV кодын да енгізесіз. Осылайша микрокредиттік ұйымның уысына түсіп, онымен қоймай интернет алаяқтардың торына тап болуыңызға жабап емес. Бұған да көнесіз ғой, себебі төуекелсіз тірлік бітпейді...

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ

ТАЯҚТЫҢ ЕКІ ҰШЫ БАР

Микрокредиттік ұйымдардың барына қуанатын жандар жеткілікті. Керек ақшаны аласыңда, айлық түскенде қайтара саласың. Тіпті үстемәксыз түрлері де бар. Басында аз сомдан алып, оны уақытында қайтарып отырсаң, тұрақты клиентке айналасың дейді олар. Айтпағанда... Соның бірі – мұғалім Раушан Төребекова. Микрокредиттік ұйымдармен байланыс орнатқанына 3 жылдан асқан. Кезінде екінші деңгейлі банктер несие тарихының бұзылғанына байланысты кредит бермегенде шағын несиеге жүгінген екен.

«Өмірде түрлі жағдайлар орын алады. Ақша таппай қиналғанда туғаныңнан да сұрай алмайсың ғой, сондықтан бірден микрокредиттік ұйымдарға жүгінетіңмін. Пайызы жоғары, 100 мың теңгені 130 мың теңге етіп өтейсіз. Бір мезетте бірнеше жерден онлайн несие рәсімдеп, жалақым түскенде құтылып тастаймын. Арасында төлей алмай қалған кездер де болды. Бірақ оны өтеген соң, еш қиындықсыз қайтадан несие алдым. Екінші деңгейлі банктерде өзің білесіз, бір ай кешіктірсеніз бітті, екінші рет кредит беруі қиындау. Сондықтан микрокредит мен үшін тиімді» дейді ол.



МИКРОКРЕДИТ МАШАҚАТЫ

Керісінше онлайн алған шағын несиеден оңай құтыламын деп, қарызға белшесінен батқандар да кездеседі. Елорда тұрғыны Жомарт Қыдыров кәсібін жүргізу үшін жетпей тұрған 50 мың теңгені жақындарынан сұрағысы келмей, микрокредиттік ұйымнан алған екен. Алайда бастаған ісі сәтсіздікке ұшырап, табысқа кенелу былай тұрсын қарыздан құтылуы қиындап кеткен.

«Алған несием көп емес қой, бір ай емес, ақша түскенде бірден қайтарып тастаймын деп ойладым. Бірақ ісім алға бастай қойды. О баста онлайн несие алған себебім, екінші деңгейлі банктен 1000000 теңге алып, төлей алмай жүрген едім. Содан бизнеспен айналысып, қарыздарымнан құтылуға бекіндім. Осы мақсатта 50-ақ мың теңге табылмай тұрған еді, микрокредиттік ұйымнан ала салдым ғой. Сөйтіп жүргенде екі жақтың несиесі бар. Бизнесі тоқтатып, мамандығым бойынша құрылысқа кетіп қалдым. 5 айда банктік карталарымды бұғаттап тастады. Микрокредиттен хабарласып, 50 мың теңгенің пайызы өскенін айтып, 180 мың етіп қайтаруымды талап етті. Жағдайымды барынша түсіндіріп, төлей алмаймын дедім. «Оңайлықпен төлемесең, үстіңнен іс қозғаймыз» деді, мен тек алған соманы ғана қайтарамын деп тұрып алдым. Оның өзінде жақын арада емес. Коллектор мен сол микрокредиттік ұйым өкілдері айына бірнеше рет қоңырау

шальп, қорқытып-үркітті. Айтпағанда сөздері қалмады. Тығырыққа тірелгенім осы шығар дедім. Шиеленістен шығудың жолын таппадым» дейді ол.

Содан Жомарт қарызын бір жыл төлемеген. Қорқытып-үркіткенде, тек қана анам біліп қоймаса екен депті. Себебі баласының басына іс түскенде аның жүрегі жай тапсын ба?! Жағдайын үй ішіне білдірмей, өзін іштей жегідей жеп, күйзеліске ұшырайды. Бір жыл бойы жинаған табысын екінші деңгейлі банктерден алған несиеден өтеуге жұмсаған. Ал микрокредит «жырын» соттасып жүріп әрең тоқтатыпты. Бұдан былай ол онлайн несиеге жоламауға өзіне серт бергенін жеткізді. Сонымен қатар болашақта баспаналы болу үшін бүгінде несие тарихын жақсартуға барын салып жүр екен. Ай сайын жалақысының бір бөлігін зейнетақы қорына аударады. Онымен қоймай кредитке смартфон рәсімдеп, уақытылы төлеп отырғанын да жасырмады.

АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНА ТҮСКЕН

Несие тарихын жақсартуыңызға болады. Бірақ мұнымен мәселе бітсін бе?! Салдары қандай? Мәселен, жеке куәлігіңізді қолына түсірген жан атыңыздан оп-оңай онлайн несие рәсімдей алады. Смартфонның ар жағында кредит алып жатқанды тексеріп жатпайды микрокредиттік ұйымдар. Жеке куәлігіңіздің

суретін жіберсеңіз жеткілікті, содан кейін көрсетілген нөмірге хабарласып, бір-екі сұрағын қоюмен шектеледі. Еш дәлелсіз айтып отыр деменіз. Жақында ғана солардың бірінен 15 мың теңге алдым. Ұйым өкілі видео байланысқа шығып, жеке куәлікпен бірге түскен суретіңізді көрсетіңіз деген жоқ. Бір ай болмай құтылып тастадым. Тек сайтына тіркелу кезінде пошта мен телефон нөмірді енгізіп едім, қазір күн сайын келетін жарнамаларынан құтыла алмай жүрген жайым бар.

Мұнымен шектелмей, басқа да микрокредиттік ұй-

ымдардан сұрастырып едім: «Бізге қауіпсіздік барынша сақталады. 0,01 пайызбен 10 мыңнан 145 мыңға дейін микрокредит алуыңызға болады. Жеке куәлік және банктік картаңызбен бірге түскен суретіңізді міндетті түрде жіберуіңіз керек» десе, келесі де «Бізге ең көбі 1,5 миллион теңге 2 жылға беріледі. Жеке куәлігіңізді қолыңызда ұстап суретке түсіп, бізге жібересіз» деп жауап қатты. Демек, жүзі сізге ұқсас жан атыңыздан кредит рәсімдей алады. Микрокредиттік ұйымдардың бәрі дерлік өтініш беруішінің құжат бойынша сол адам екенін анықтап, бүге-шүгесіне дейін тексеріп жатпайтындығынан алаяқтардың алдауына түскендер артып барады.

Қазіргі таңда еліміз бойынша 7 миллионнан аса онлайн несие рәсімделген екен. Бұл – әрбір екінші қазақстандықтың мойнында қарыз бар деген сөз. Ал Кибер қылмысқа қарсы күрес орталығының дерегіне сүйенсек, өткен жылы елімізде 14 мыңнан астам интернет алаяқтық тіркелген болса, оның жартысына жуығы заңсыз онлайн займ рәсімдеуге қатысты екен. Яғни соңғы жылдары елімізде бөтен адамның атынан несие рәсімдеу көбейген. Мәселен, өткен 2020 жылы 3 мыңға жуық адамның атынан заңсыз несие рәсімделсе, биылғы бір айда ғана осыған ұқсас 146 іс тіркелген

ымдардан сұрастырып едім: «Бізге қауіпсіздік барынша сақталады. 0,01 пайызбен 10 мыңнан 145 мыңға дейін микрокредит алуыңызға болады. Жеке куәлік және банктік картаңызбен бірге түскен суретіңізді міндетті түрде жіберуіңіз керек» десе, келесі де «Бізге ең көбі 1,5 миллион теңге 2 жылға беріледі. Жеке куәлігіңізді қолыңызда ұстап суретке түсіп, бізге жібересіз» деп жауап қатты. Демек, жүзі сізге ұқсас жан атыңыздан кредит рәсімдей алады. Микрокредиттік ұйымдардың бәрі дерлік өтініш беруішінің құжат бойынша сол адам екенін анықтап, бүге-шүгесіне дейін тексеріп жатпайтындығынан алаяқтардың алдауына түскендер артып барады.

Гүлсім Қайратованың ба-

де болса, жазалануы тиіс» дейді ол.

Заңгер Агиис Талғатқызы онлайн несие рәсімдеу барысында алдымен микроқаржы ұйымының қарыз беру ережесін мұқият қарап шығу керек дейді. Сондай-ақ киберқылмыскерлердің құрбаны болмас үшін жеке деректерді, банктік карта деректерін үшінші адамға бермеу қажет екенін жеткізді.

«Микроқаржылық ұйымдардың несиеі 3-4 есеге өсіріп, талап етуі заңсыз. Онлайн несие алған кез келген адам келісімшарт бөліктерін заңсыз деп тану туралы сотқа жүгінсе, тек негізгі борышын ғана қайтаруға құқылы. Ұлттық банк өткен жылы ақшаны интернет арқылы оңды-солды тарататын фирмаларға жылдық пайыздық мөлшерлеме

100 пайыздан аспауы тиіс деген норма бекіткен. Келесі келісімшартты мұқият оқып шығу керек. Өйткені түрлі талаптарды өте кішкентай әріптермен жазып қойып жатады. Сол талаптарға қол қойып жатса, ертең сот болғанда микроқаржылық ұйымдар өздерін ақтап алып жатады. Ең маңыздысы, 100000 алса, оны кешіктірсеніз, жыл соңына дейін 56 пайыз ғана қосылады. Егер тағы да екі-үш жыл созылса, тағы 56 пайыз. Одан артық өсіруге олардың құқы жоқ. Тағы пеняларын 90 күнге дейін ғана өсіре алады. Әрі қарай өсіре алмайды. Заңды білген дұрыс. Алданып қалсаңыз, заңгерге жүгініңіз. Коллекторлық ұйымдардың аптасына 2 рет қана хабарласуына болады. Күнде хабарласып, қоқан-лоқы көрсетсе, өздерін сотқа бере аласыз. Интернетте сауда жасауға банктік картаңызға лимит қойыңыз. Картаны жоғалтып алған кезде де бірден бұғаттап тастау қажет» дейді заңгер.

БАСТАУЫШ СЫНЫПҚА – ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПӘНІ

Наурыздан бастап микроқаржылық ұйымдарға лицензия беру тәртібі күшейеді. Бұдан былай несие пайыздық мөлшерлемесін көбейтіп, құжаттағы маңызды шартты майда әріптермен жазып, көрсеткен ұйымдар лицензия ала алмайды. Сонымен бірге қарыз бермес бұрын адамның жалақысын есептеп, қаржылық жағдайын ескеруге міндетті. Елімізде тек арнайы рұқсаты бар банктер мен микроқаржылық ұйымдар ғана несие беруге құқылы. Ал өзгелерінің жұмысы заңға қайшы. Сондықтан онлайн несие алмастан бұрын микрокредиттік ұйымның лицензиясы мен Ұлттық банктің сайтындағы микрокредиттік ұйымдар тізімінде бар-жоғын анықтап алу керек дейді экономист Максат Халық.


«Қазір қаржылық дағдарыс кезеңі. Осындай кезде интернет алаяқтардың көбеюі заңды. «Телефоныңызға келген құпия кодты айтып жіберіңізші» деп, банктік картаңыздағы ақшанызды шешіп қана қоймай, кредит рәсімдеп жібереді. Осындай қарапайым әдістерге де иланып, ақшасынан айырылып, алмаған несиеден өтеп жүргендер бар. Бұл бізге қаржылық сауаттылықтың жемлекеттік бағдарламасы қажеттілігін көрсетеді. Бізде Ұлттық банктің қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламасы бар. Бірақ менің ойымша, ол бағдарлама оң нәтижесін беріп жатқан жоқ. Сондықтан қаржылық сауаттылықты мектептен, бастауыш сыныптан бастауымыз керек. Баланы 9-10 жасынан бастап қаржылық сауаттылықтан хабардар етуіміз қажет. 10 жастағы баланың өзі ақшаны қалай жаратууды, оның қайдан келетінін білуі тиіс. Ал жоғары сыныптың балаларына қаржылық алаяқтықтан сақтану жолдарын оқытсақ, мемлекеттік арналардан қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламалары берілсе, аталмыш мәселелердің алдын алуға болады» дейді маман.

**ОҢАЙ ОЛЖАЛЫ
БОЛАМЫН ДЕП ОПЫҚ
ЖЕГЕНДЕР**

Елімізде интернет арқылы кәсібін дөңгелетіп, үйден шықпай-ақ нанын тауып, нәпақаға кенеліп отырғандар жеткілікті. Әлемжеліні ашсаңыз, трендке айналған тренинг өткізушілерден, өміріңізді оң арнаға бұрып, бай-даулетті болудың қырсырын үйрететін психологтар мен коучтерден, бармағынан бал тамған аспаздар мен адам ағзасына пайдалы дәрумендер мен косметикалық заттарды жарнама-лап жатқандардан көзіңіз сүрінеді. Instagram желісінің «жұлдызына» айналған блогерлер айына миллиондап табыс табуда. Халыққа лотерея билетін сатып, қаланың қақ ортасынан жаңа пәтер, қымбат маркалы автокөлік, құны жарты миллионға жетіп жығылатын ұялы телефондарды ұтысқа қойып, соңында өтіріктері ашылған эстрада жұлдыздарының да басы дауға қалғаны туралы ақпараттар желіде желдей есті. Сондай-ақ «онлайн табыс табыңыз» деп жарнамасы жарқырап тұрған алаяқтардың арбауына түсіп, қалтасы қағылғандардың қарасы көбейген. Соңғы уақытта телефонымызға толассыз түсіп жататын хабарламалардың ішінде белгілі брендтер мен танымал сауда дүкендерінің атын пайдаланып, «қомақты сома, тұрмыстық техника мен ұялы телефон ұтып алыңыз» деп ұрандаған мәтіндерді көзіміз жиі шалады. Ақпараттың ақиқатына көз жеткізіп жатпастан, бір-біріне жолдайтын желі қолданушыларының өзінің ғана емес, өзгенің де өміріне зияны тиіп кетерін ескермейтіні өкінішті. Осындайда таяқтың бір ұшы ақпараттық сауатсыздыққа келіп тиеді. Ақпараттың түп төркіні қайдан шықты, ресми дереккөзінен алынды ма, шындыққа қаншалықты жанасымды деген сынды сауалдарға бас қатырып жатпайды. Ал ақпарат құралдарында жарияланған мәліметтердің, әлеуметтік желілердегі жазбалардың рас-өтірігін тексеретін кәсіби журналистер мен әр саланың эксперттерінен құралған www.factcheck.kz және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен құрылған www.stopfake.kz жобалары өз жұмысын сәтті жүзеге асыруда. Алайда бұл жөнінен БАҚ өкілдері болмаса, қара халықтың хабары аз. Сондықтан да ағылған ақпараттың ақ-қарасын айырмай, жұртшылыққа жария етіп жіберсеңіз, аяқасты айыпты болып, заң алдында жауап беруіңіз бек мүмкін.

**САҚТАНСАҢ
САҚТАЙДЫ**

Әлеуметтік желілерде тіркелген қолданушылардың өзі туралы толық мәліметті ашық жариялап қоюы – «жемтігін» желіден іздейтін алаяқ не қылмыскер үшін таптырмас мүмкіндік. Құрығына түскенді құр



ИНТЕРНЕТ ТҰТҚЫНЫҢА АЙНАЛМАЙЫҚ

Бүгінде бесіктегі баладан есіктегі қартқа дейін сымсыз смартфонмен сырласып, интернетті белсенді қолдануда. Әсіресе әлем халқын әлекке салған пандемия жағдайында ғаламтор қызметтеріне деген сұраныс сағат санап артты. Желден жүйрік желі қызметін тиімді пайдаланып жүрміз бе? Сан адамды сан соқтырған ақпараттық сауатсыздықтан қалай арыламыз? Желідегі ақпарат ашықтығының жеке бас пен қоғамға төндіретін қауіпін қандай? Кибершабуылға қарсы тұруға қауқарлымыз ба? Тәулік бойы ұялы телефоны уысынан түспейтін балаға бейжай қараудың соңы неге апарып соқпақ? Осы сұрақтар төңірегінде ой өрбітіп көрелік.

жібермейтін қылмыскер құрбанының қаражатын қымқырумен қанағаттанбай, қара басына қауіп төндіретін тағы бар. Қолына қару алып, қантөгіс жасамай-ақ қыруар қаржы мен маңызды құжаттарды қолды ететін қылмыскерлерді хакерлер десек, интернет арқылы жасалатын алаяқтық фишинг атауымен қолданыста. Қарапайым адамдар мен мемлекеттік мекемелердің меншігіне қол сұғатын хакерлер тарапынан болатын қылмыстар көптеген компаниялар мен банктерді белшесінен шығынға батырғаны туралы ақпараттар аз емес. Кибершабуылдардың өршіп, қалың өрттей қаулауы күн тәртібіндегі мәселелердің біріне айнал

ды. Аталған қылмыс түрінің алдын алу мақсатында біздің еліміз де 2017 жылы Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») бекітті. Негізгі қағидаттарына жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін сақтау, тұлға, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, АКТ саласының әлеуетін дамыту және тағы басқалар жатады. Десе де интернет арқылы алаяқтық жасайтындарды құрықтау оңай шаруа емес. Себебі хакерлердің қара күштен гөрі ақылға арқа сүйеп, әккі әрекетін виртуалды әлемнен іске асыратынын ескерсек, екіншіден, ізін жасырып үлгеретін тісқаққан

қылмыскер тіпті өзге елдің тұрғыны болып шығуы да ғажап емес.

Қырық түрлі қулыққа баратын хакерлердің торына түспес үшін WhatsApp, Telegram, Instagram мессенджерлеріне жиі келетін ойындарға қатысып, сауалнамаларды толтырудан, жеке дерегіңізді жіпке тізіп сұрайтын жалған қоңыраулардан абай болыңыз.

**АДАСҚАНЫҢ АЛДЫ
ЖӨН, АРТЫ СОҚПАҚ**

Сондай-ақ интернеттегі ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін теріс пайдалануы дағы террорлық топтар мен діни-экстремистік ұйымдар ұтымды пайдаланады. Дүние

Інжу ШУКЕЙ, дінтанушы, сарапшы:

– Жат ағымға ерушілердің көбеюіне тек олардың тарапынан болатын қаржыландыру ғана емес, діни сауаттылықтың болмауы, адамдардың рухани аштығы, әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығы сияқты факторлар себеп болып жатады. Ғаламтор арқылы әсіресе пандемия уақытында радикалды топтардың өз ілімдерін насихаттауы күшейе түскені рас. Дегенмен мұның алдын алу үшін бүгінде тек орта білім ордаларында сіз айтқан пән сағаттарын кіргізуден бөлек, мемлекет тарапынан бірнеше шаралар қолға алынған. Мысалы, біз сияқты дінтанушы, теолог мамандарды ЖОО дайындап шығаруының өзі – ерекше шаралардың бірі. Сонымен қатар әлеуметтік желілерді 24/7 режимінде бақылауда ұстап, жалпы елдегі діни ахуалға мониторинг және талдау жүргізетін орталықтар мен мекемелердің болуын да атауға болады.

Гүлнұр САПАРОВА, психолог:

– Адамзат қоғамының дамуы, ғылыми жаңалықтар мен түрлі прогрестер бізге керек және әрбір жаңа өнертабыс өмірімізді едәуір жеңілдетеді. Дегенмен интернеттің қарыштап дамуы өзімен бірге қоғамымызға қазіргі заман індеті ретінде атауға болатын «фаббинг» ұғымын алып келді. Фаббинг – ағылшынның «телефон» және «немқұрайлылық» деген екі сөзін біріктіретін, адамның тірі қарым-қатынасқа қарағанда гаджетті маңызды деп табуы, уақытының көп бөлігін телефонға үңілумен өткізуі. Сәйкесінше бұл індет адамның уақыт менеджментін бұзады, прокрастинацияның орын алуына алып келеді. Осыған орай, интернет желілерін тиімді пайдалануға үйрететін ағарту іс-шараларының жиірек ұйымдастырылуы, кейбір зиянды сайттарға тыйым салу жұмыстарының жүргізіліп отырғаны жөн.

жүзін дендеген дерттің салдарынан табысынан айырылған жандар құ тіршіліктің қамы үшін қандай жұмысты да жасауға әзір. Бұл ауыр ахуал алаяқтар, қылмыскерлермен қатар, бөгде дінді дәріптейтіндерге қолайлы болып тұр. Дәстүрлі дініміз – исламның атын жамылып, оң-солын толық танып үлгермеген жасөспірімдермен қатар ақыл тоқтатқан азаматтарымыздың да санасын улауда. Радикалды ұйымдар әсіресе жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, қолдаушыларының санын көбейту мақсатында қаржылық көмек көрсетеді. Табан ақы, мандай терменан табуды құп көрмейтін жастарымыз осы тұста осалдық танытып, тура жолдан тайқып жатады. Бұл – онсыз да ат төбеліндей аз қазақтың арасында арандатушылық тудырып, жік-жікке бөлетін, қоғам біртұтастығын бұзатын зор қауіп. Қауіпті болдырмау және балаға дұрыс бағыт-бағдар беру үшін Білім және ғылым министрлігі мектеп бағдарламасына «Заңсыздық және дінтануды» міндетті пән ретінде енгізіп, бүгінде барлық жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқытылып келеді. Алайда жат ағымның жетегінде кеткендер саны артпаса, азаймай тұр.

«Адақанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» дейтін халық даналығы. Иә, қателікті қайталамау, сынақтан сабақ алу – саналы адамға тән қасиет. Ендеше,

P.S:

Заман көшінен қалмау, техника тілін білу, білім жетілдіру, өнер үйрену – бүгінгі күннің талабы. Алайда өрелі ұлт болу үшін тәрбиені салт-дәстүрмен сабақтастыру, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің мәйегінен нәр алып, рухани құндылықтарды бойымызға дарыту басты орында екенін естен шығармағанымыз абзал. Ал өмірімізден өзіндік орнын ойып алған интернетті игілікке тұтыну не тұтқыны болу өзіңізге байланысты.

сауатты қоғамды саналы адамдар қалыптастырады.

**СМАРТФОНДЫ
СЕРІК ЕТКЕН ЦИФРЛЫ
ҰРПАҚТЫҢ СИҚЫ**

Мектеп оқушыларының ұялы телефондарды қолдануы оқу жүйесі онлайнға ауыспай жатып-ақ қалыпты жағдайға айналған-ды. Телефондар әу баста байланыс құралы қызметін атқарды, кейін келе бірнеше функцияның басын біріктірген бірегей де әмбебап дүниеге айналды. Қызылды-жасылды әлемімен қызықтыратын үздік технология бала тұрмақ, үлкенді үйіріп алды. Телефоннан бас алмайтын, қолынан алсаң, байбалам салатын балаларға көзіміз үйренген бүгінде. Психолог мамандар бұл құрылғыға құмарлық шынайы қарым-қатынасты жойып, күйзеліске, сананың психикалық ауытқуына әкеледі десе, дәрігерлер смартфон саналы баланың көз жанарын әлсіретіп, жүрек пен ми қызметін бұзады деп дабыл қағуда.

Бауыр еті баласының смартфонға басыбайлы бағынышты болғанын қай ата-ананың да қаламайтыны анық. Ол үшін балаға арнайы уақыт бөле сырласып, қызығушылығы мен қабілетін байқап, білім жетілдіретін курстар мен спорттық ойындарға баулыса, бұл тығырықтан да шығуға болады.

**Қымбат
ДОСЫБЕКОВА**

1994

1994 жыл еліміз үшін қуанышы мен қиыншылығы қатар келген кезең болды. Мемлекет ретінде әлемдік картадан орын алып, өз Туымызды желбіреттік, Елтаңбаны бекіттік, Әнұранды шарықтатып, төл теңгені тұғырына қондырдық. Халықаралық қатынас жөнге келіп, алыс-жақын мемлекеттермен достық байланыстар артып, сауда-саттық жайлана бастады. Әйтсе де экономикалық ауыртпашылықтар ел тұрмысын шатқаяқтатып тұрды.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Еуразиялық экономикалық одақтың негізін қалаушы Нұрсұлтан Назарбаев екені талас тудырмаса керек. 1994 жылы Мәскеуде ММУ-де сөйлеген сөзінде ол еуразиялық интеграция мәселесін бірінші болып көтерген болатын.

«Ғылыми-техникалық прогресс қарқынды жүріп жатқанда, өткізу нарығы үшін бәсекелестік қызған қазіргідей заманда тек бірлесіп ғана өмір сүре аламыз. Қараңыздар, мемлекеттілігіне көптеген ғасыр болған Батыс Еуропа елдері

бірігіп жатыр. Біздің, Кеңестер Одағының бұрынғы республикаларының өткен тарихи жолы мен тағдыры бір. Біздің байланыс және басқару формаларымыз бен механизмдеріміз бір, менталитетіміз ортақ, ортақ дүниеміз көп. Тек кейбір саяси көшбасшылардың бойында империя қайтадан құрыла ма деген үрей бар. Бірақ ол олай емес! Бұл жерде әңгіме жаңа, теңқұқылы ынтымақтастық туралы екенін түсіну керек» деген еді Н. Назарбаев.



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ

Қазақ жерінің қойнауы табиғи қазба кендеріне толы екені баршаға мәлім. Осынау ең байлық тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында егемен еліміздің дамуы, өтпелі кезеңдерде аяғынан қаз-қаз тұрып кетуі үшін зор рөл атқарды. 90-жылдары, негізінен, ірі көмірсутегі кен орындарын игеру, осы салаға шетелдік инвесторларды тарту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша ықпал етті. Алматы қаласында қазан айында өткен «Мұнай мен газ-94» халықаралық көрмесіне әлем елдерінен 300-ден астам компаниялар қатысты. Бұл

кейіннен екіжақты іскерлік байланыстарға ұласты.

Соның арқасында бірқатар әлеуметтік сипаттағы бағдарламаларды жүзеге асыру мүмкіндігі туды. Жыл соңында мұғалімдердің, дәрігерлердің, басқа әлеуметтік және бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын өсіруге қол жеткізілді. Барлық қиындықтарға қарамастан халықтың сана-сезімі оянып, болашаққа сеніммен қарады. Өйткені ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің рухы қазақ үшін бәрінен қымбат еді, халық оның жолында қандай қиыншылықтарға да төзуге даяр еді.

Дайындаған
Дәулет АСАУОВ

ҚАЗАҚСТАН ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ЕЛ АТАНДЫ

16 ақпанда Елбасы Н. Назарбаев «Ядролық қаруды таратпау туралы» шартқа қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан өз еркімен қуатты қарудан бас тартып, ядролық қаруы жоқ ел ретінде осынау зұлматпен күрестің алғашқы баспалдағын қалады. Мұндай қадам мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтпаса, әлсіреткен жоқ. Өйткені ядролық қарудан бас тарта отырып, Қазақстан оның орнына сол кездегі жетекші ядролық державалар – АҚШ, Ресей, Ұлыбританиядан еліміздің қауіпсіздігінің халықаралық кепілін талап етіп, 1994 жылдың соңына қарай оған қол жеткізді. Кейіннен мұндай кепілдемеге Франция мен Қытай да қосылды.

Бұдан бөлек, сыртқы саясатта Мемлекет басшысының белсенді жоспарлары бірінен соң бірі жүзеге асып жатты. Мәселен, Америка, Франция, Ұлыбритания елдерімен Қазақстанның бостандығын қорғауға келісім жасасу барысы, Жапония елімен саудалық базаның құрылуы, олардың жаңа технологиясын ел арқылы өткізу, Қазақстанның саудалық орталыққа айналу мүмкіндігін қарастыруы, мұнай, газ құбырларын Шығыс Азияға жеткізудің жоспары осы жылдың еншісінде өткен жоғары дәрежелі кездесулерде қозғалған.



ЖАҢА ПАРЛАМЕНТТІҢ САЙЛАУЫ

1994 жыл қоғамдық-саяси өмірге де үлкен өзгерістер әкелді. Ел ішінде жаңадан қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар құрылып, тәуелсіз ақпарат құралдары ашыла бастады.

Наурыз айында Ата Заң негізінде алғаш рет демократиялық сипаттағы парламенттік сайлау өткізілді.

Оған барлық саяси күштер мен жекелеген азаматтар қатысуға мүмкіндік алды. Дауыс берудің нәтижесінде ҚР Жоғарғы Кеңесіне президенттік тізім бойынша – 42, депутат сайланды: президенттік тізім бойынша – 42, қоғамдық бірлестіктерден – 75, өз-өздерін ұсынғандар – 59.

Жоғарғы Кеңес депутаттарын шартты түрде үшке

бөлуге болады: Президент ұстанатын саяси бағытты жақтайтындар, оппозиция өкілдері және аралық позициядағылар. Бірінші, үкіметтік ниеттегі топта 65 депутат бар және олардың көзқарасын аралық позициядағы 26 депутат жақтады. Оппозиция құрамына «Прогресс», «Қазақстанның құқықтық дамуы», «Әлеу-

меттік қорғау», «Еуразия», «Қазақстанның социалистік партиясы» және «Қазақстанның халықтық кооператив партиясы» саяси ұйымдары кірді. Оппозиция лагерінде Ресеймен тығыз саяси одақ орнатуды, мемлекеттік тілдің екеу болуын талап ететін керітартпалардың да аз болмағанын айта кеткен дұрыс.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

1994 жылы еліміз түрлі тұрмыстық қиыншылықтарды басынан кешірді. Жыл ішінде коммуналдық қызметтердің тарифтері, тұтынушылық тауарлар бағасы бірнеше рет еселеп өсті. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әлсіреуі нәтижесінде жалпы ішкі өнім өткен жылдың көрсеткіштеріне қарағанда 27 пайызға дейін қысқарды. Ұлттық алтын-валюта резерві 805,221 млн АҚШ долларын қамтыды. Жыл соңында инфляция өткен жылдың салыстырмалы мерзімімен салыстырғанда 1258,3 пайызға өсті, теңге АҚШ долларының бағамына қатысты 8,6 есе құлдырады.

Осынау ауыртпалық шақта ҚР Президенті Н. Назарбаев халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету мақсатында бірқатар құжаттарға қол қойды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «1994-1996 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікке қолдау және дамыту мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қаулы қабылдады. Осымен кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету жүйесінің алғышарттары жасалды және ел экономикасы біртіндеп нарықтық арнаға түсті.





АСТАНАНЫ АЛАТАУДЫҢ БАУЫРЫНАН АРҚА ТӨСІНЕ КӨШІРУ

1994 жылы Қазақстан Республикасының Парламенті отырысында Президент Нұрсұлтан Назарбаев астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы ұсыныс жасады. Кейін, 1997 жылы қа-

занның 20-сында астананы ауыстыру туралы Жарлыққа қол қойды. 1998 жылы мамырдың 6-сында Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгерді. 1998 жылы маусымның 10-ында жаңа

елорданың халықаралық тұсаукесер рәсімі өтті. Бұл күн 2006 жылға дейін астананың туған күні ретінде атап өтіліп келді. 2006 жылдан бастап шілденің 6-сы Астана күні ретінде атап өтіледі.

МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНЕ СЕНІМСІЗДІК БІЛДІРІЛДІ

Жаңа Парламент сайлана сала мінез көрсетті. Депутаттар мамыр айынан бастап С.Терещенко үкіметінің жүргізіп отырған саясатына сенімсіздік білдірді. Уақыт өткен сайын саяси күштердің сыны үдей түсті

де, ол ақыры күзде Үкіметтің ауысуына алып келді. Президент Н.Назарбаевтың ұсынысымен еліміздің жаңа Премьер-министрі болып Әкежан Қажыгелдин бекітілді.



ҒАРЫШҚА ЕКІНШІ ҚАЗАҚ ҰШТЫ

Т.Мұсабаев ғарышқа 1994 жылы 4 қарашада ұшты. Ұшу уақыты 126 тәулікке созылды. Өзінің айтуынша, ол осы арманның жетегінде 33 жыл жүрген екен. «Ғарыштағы салмақсыздық күйін ешқандай жағдайда толықтай сезіне алмайсың. Адамның ауада қалықтап тұрған салмақсыздық күйін сөзбен түсіндіру мүмкін емес. Қабырғадан саусақтың ұшымен түрткіні қалып, кез келген бағытыңа қарай ұшып жүре беруге болады» дейді ол.

Ғарыш кемесі Арқалық қаласынан 77 шақырым солтүстік-шығысқа қарай жерге келіп түсті: «Жерге қонғаннан кейін мен ұшу аппаратының терезесінен бізге қарай жайлап басып келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлын көрдім, - деп еске алады Талғат Мұсабаев. - Сол күнгі Арқалық даласының қараша айындағы тамаша пейзажы әлі есімде. Президенттің әкелік қамқорлықпен қараған көзқарасы менің бақытты күндерімнің бір белгісіндей жадымда мәңгі сақталып қалды».



КӨШІ-ҚОН ТОҚЫРАДЫ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары-ақ атамекенге қандастарымыз лек-легімен орала бастады. Бір замандарда тағдырдың талайымен жан-жаққа тарап кеткен, ағайындарымен арақатынасы үзілген қазақ қауымы бір-бірімен қайта қауышып, «ақсарбас» шалып, шат-шадыман күндерді кешті. Сырттан көшіп келушілерге мемлекет тарапынан да, жергілікті қауым тарапынан да көп көмек көрсетілді. Бұл кезеңдері көші-қон ағыны екі тарапта да

қызу жүріп жатты. Елден көшіп кетушілер, негізінен, еуропалық нәсілдер болса, келушілердің дені қазақтар еді. Мәселен, 1991-2001 жылдардағы халықаралық көші-қон бойынша республикаға 788,2 мың адам көшіп келді, 2757,8 мың адам республикадан көшіп кетті. Көші-қонның теріс сальдосы 1969,8 мың адамды құрады. Әсіресе, 1994 жылы көші-қон тоқырауға қатты ұшырады, бұл кездері елден жарты миллионға жуық адам кетіп, сырттан тек 70 мыңнан сәл астам адам көшіп келген.



ТЫҢ ИГЕРУШІЛЕРДІҢ МЕРЕЙТОЙЫ

Еліміздегі тың және тыңайған жерлерді игеруге 65 жыл толды. 1994 жылы осы оқиғаның 40 жылдығы Ақмолада салтанатты түрде атап өтілді. Оған сол кездегі республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатыс-

ты. Айтулы шараға Ресейден, Беларусьтан, Украинадан қонақтар, ғалымдар келген. Бұл туралы газет тілшісі Н.Ақантайұлының мақаласы жарияланды («Ақмола ақиқаты», 6 наурыз, 1994 жыл).



КУПОНДАР ҚАҒАЗҒА АЙНАЛДЫ

1993 жылы республикада жекешелендірудің бірінші кезеңі аяқталды. Соның нәтижесінде ел ішінде 3,5 мың кооператив, 15 мың шағын және 11 мың жекеменшік кәсіпорындар, 15 мың фермерлік және шаруа қожалықтары, 160 коммерциялық банктер және 37 түрлі биржалар жұмыс істеді. 7000 кәсіпорын жекешелендірілді, олардың 5 мыңы – қызмет көрсету және сауда саласында. Ауыл шаруашылығында өнімнің 35 пайызын жекеменшік сектор өндірді. 1994 жылы көктем-

де жекешелендірудің екінші кезеңі басталды. Қазақстанның әрбір азаматына 100 жекешелендіру инвестициялық купондары тиесілі болды. Бұл істе азаматтар мен кәсіпорындардың арасында инвестициялық қорлар делдалдық қызмет атқарды. О баста адамдар осы жекешелендіру чектеріне кәсіпорындардың акцияларын сатып алып, сол арқылы жыл сайын дивиденд алып тұру көзделген. Бірақ экономикалық даму басқаша бағытта өрбіді де, купондар еш құны жоқ жай қағаз болып қалды.



АҚ ОЛИМПИАДА

Жалпы ақ Олимпиада Азия құрлығына сирек келеді. Токсан жылдық тарихында қысқы ойындар екі мәрте Жапонияда ұйымдастырылды. Бастауын сонау 1924 жылдан алатын доданың алауы тұңғыш рет Францияның Шамони қаласында тұтанды. Ең алғаш төрт спорт түрінен

14 медальдар жиынтығы сарапқа салынса, қазіргі таңда 7 спорттан 86 медаль үлестіріледі. Жазғы Олимпиадамен бір жылда өтетін кешенді сын 1994 жылдан бастап басқа уақытқа ауысты. Осы жылы Қазақстан дербес ел ретінде тұңғыш рет Ақ Олимпиадаға қатысты.

ҒАСЫРМЕН ҚҰРДАС БІЛІМ ОРДАСЫ



Көктем ҚАРҚЫН

Мектеп алғашқыда жұртшылықтың қаржысына салынып, мешіт жанындағы медресе ретінде құрылған. Балалар молда алдынан тәлім алып, діни сабақтармен қатар араб тілін үйренді. 1909 жылы қаланың зиялы азаматтарының шақыруымен мектепке Қазан қаласында «Мұхамедия» медресесін тәмамдаған, Орынбор қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияны бітірген білімді азамат Ғалымжан Құрмашев келеді. Жас маман келе сала оқу бағдарламасына арифметика, жаратылыстану, ана тілі сабақтарын енгізді. Осы уақытта оқушылардың саны 70-тен асып, Ғали Қітабов пен Сәлім Әменов деген ұстаздар мектепке қызметке шақырылады. Сол кезеңнен бастап балалар сынып-сыныпқа бөлініп оқи бастады. Мектептің оқу-техникалық базасын нығайту мақсатында 1911 жылы жергілікті халықтың қаржысына мектептің екінші ғимараты ағаштан тұрғызылып, оқуға қыз балалар да қабылданды. Мектептің алғашқы ғимараты қазір Отырар көшесі мен Қорқыт көшесінің қиылысында сақталған.

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ДИРЕКТОР

Білім беру ісі енді ғана бір жүйеге келтіріле бастағанда сабақтың тоқтап қалған кездері де болды. Мәселен, 1918 жылы Ақмола қаласын Колчак әскері басып алғанда мектеп ғимараты госпиталь ретінде пайдаланылады. Ал мектеп директоры Ғалымжан Құрмашев жергілікті кеңестің мүшелерімен бірге қамауға алынды. Сузек ауруына шалдыққан оны жергілікті жұртшылықтың сұранысы бойынша абақтыдан босатты. Келер жылы күзде Кеңес өкіметі қайта орнап, ауыр науқастан айыққан Ғалымжан Құрмашев мектеп жұмысын жандандыруға

белсене араласып, балаларды қайтадан мектеп қабырғасына жинады.

Ғалымжан Шәкіржанұлы 1939 жылға дейін мектепті басқара жүріп, өлкедегі халық ағарту ісін дамытуға үлкен үлес қосып, Сәкен Сейфуллинмен серіктес болады. Мектеп жанынан ауыл мектептері үшін мұғалімдерді даярлайтын қысқа мерзімді курс ашып, ауыл мұғалімдерінің тірек мектебіне айналдырды. 1930 жылы мектеп 7 жылдық болып қайта құрылған.

Ғалымжан Құрмашевтың жұбайы, Ленин орденінің иегері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Асыма Қарабекқызы да білім беру саласына, ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосқан жан. Мектеп музейінде Ғалымжан Құрмашев пен Асыма Қарабекқызының тапсырған құнды деректері әлі күнге дейін сақтаулы тұр. 1940 жылы мектепке қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі Жамбыл Жабаевтың есімі берілді. Біз неге өткенге шегініс жасап, тарихты тереңінен қаузап отырмыз? Себебі бұл деректерді біреу білсе, біреу білмейді. Сондықтан қиы сақты басынан кешкен Ақмоладағы жалғыз қазақ балалары білім алған алтын ұяның тарихын кішкене болса да оқырманға жеткізіміз келді.

МЕКТЕП ШӘКІРТІМЕН МЫҢ ЖАСАЙДЫ

Бүгінге дейін қазақтың қара шаңырағы атанған Жамбыл Жабаев атындағы №4 білім ордасынан мыңдаған тұлк білім алып, ел игілігі жолында әртүрлі салада еңбек етіп келеді. Мектеп қабырғасынан дүйім елге аты мәлім талай саңлақтар түлеп ұшқан. Олардың ішінде ең алғашқы алтын және күміс медальдарының иегерлері, 1949 жылдың түлектері физик Төкен Сарсенбаева, химия ғылымдарының докторы Жұмагүл Баярстанова мен биология ғылымдарының докторы және

профессор Назира Ахматуллинаны ерекше атап өту керек.

Алыптардың даңғыл жолын академик, тележурналист Дүкеш Бәйімбетов, Агротехникалық университеттің ректоры болған Айтбай Бұлашев, сазгер Мұхаметқали Тналин, ақын Оспан Сүлейменов, белгілі кәсіпкерлер Марат Набиев пен Аманжол Бекішевтер және тағы да басқа азаматтар жалғастырды.

Кеңес заманында қазақ мектептерін жаппай жабу саясаты білім ордасының тарихында ауыр жылдар болып есте қалды. Осы жылдары қаладағы жалғыз қазақ мектебінің ұстаздары үй-үйден бала жинап, ерлікпен пара-пар жұмыс атқарды. Осындай қиын жылдары Гүлшара Айдашева, Халима Әубәкірова, Майшарап Қалдырова, Қорлан Айтжанова, Темкен Қасенов, Сағат Сарбаев, Отызбай Сүйіндіков, Уағиша Болатова, Сәруар Омарова, Роза



Бүгінде астаналық ата-аналар баласын оқытқысы келетін мектептердің бірі де бірегейі – асырмен құрдас дәл осы білім ордасы. Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы уақыт талабына сай дамып келеді. Мұнда қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және математика пәндері тереңдетіліп оқытылады. Мектептің оқу жоспарына абайтану, өлкетану, астанатану сияқты авторлық бағдарламалар енгізілген

«Жамбылдың жасын берсін» деп бата беретін еді үлкендер. Бүгінде елордамызда ғасыр жасаған білім ордаларының саны көп емес. «Астаналық» базар маңындағы 3 қабатты еңселі шаңырақ – Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы алыстан көзге менмұндайды. ХХ ғасырдың басында, яғни 1907 жылы қазақ-татар медресесі болып ашылған мектеп биыл 114-жылына қадам басты. Ендеше ғасырлық тарихы бар мектеп өмірінің шежіресін парақтап көрелік.



Яхина, Шолпан Сыздықова сынды ұстаздар ерен еңбегімен көзге түсіп, оқушыларға ұлттық тәрбие мен білім берді.

Сол жылдары мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартып, беделін көтеруге «Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі» Жұмабике Әрпененованың қосқан үлесі мол. Ол 1991 жылы өзі басы-қасында жүріп, жаңа 700 орынды үш қабатты мектеп ғимаратын салуға көп күш-жігерін жұмсаған. Оқу ордасына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі ат басын бұрып, мұғалімдер мен оқушыларға ризашылығын білдірді.

ОЗЫҚ БІЛІМ ӨРГЕ БАСТАР

Бүгінде астаналық ата-аналар баласын оқытқысы келетін мектептердің бірі де бірегейі – асырмен құрдас дәл осы білім ордасы. Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы уақыт талабына сай дамып келеді. Мұнда қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және математика пәндері тереңдетіліп оқытылады. Мектептің оқу жоспарына абайтану, жамбылтану, өлкетану, астанатану сияқты авторлық бағдарламалар енгізілген. 1997 жылы үш жылдық эксперименттен кейін мектепке гимназия мәртебесі берілді. Бірнеше жыл бұрын мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Мектепте бас-аяғы 20-ға жуық интерактивті тақта, 2 спорт залы, оқырман залы, кітапхана, 250 орынға шақталған салтанат залы және 120 орынға арналған асхана бар. Гимназияда 3 мұражай жұмыс істейді.

ЖАМБЫЛ РУХЫМЕН ЖАСАСҚАН

Біз мектепке барғанда Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Жүз жасаған жүрек» республикалық телекөпірінің үстінен түсіппіз. Қазіргі онлайн оқудан ұтқан тұсымыз осы ма дедік іштей. Себебі бұрын мұндай жиындар мектептің үлкен залында тек жүздеген адамның қатысуымен өтуші еді. Ал телекөпірге республикадағы Жамбыл бабамыздың атын иеленген он шақты мектеп қатысты. Мыңнан астам көрермен тамашалаған. Әр өңірдегі Жамбыл Жабаев мектептері биылғы ақынның 175 жылдық мерейтойын пандемияға қарамастан өз деңгейінде атап өтуге кірісіп кеткен. Бұл жиын соның бастамасы екен. Ал ғасыр жасаған елордалық гимназия еліміз бойынша Жамбыл атындағы мектептердің қоғамдастығын құруды, тәжірибе алаңын жасауды жауапкершілігіне алды. Сондай-ақ сыныптарға жамбылтану авторлық бағдарламасын енгізу, Жамбыл атындағы мектептердің арасында Жамбыл оқуларының ұйымдастыру, «Жамбыл және ұлттық тәрбие» жоба тұжырымдамасын жүзеге асыру мәселелері де талқыға түсті. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің білім беруді жаңғырту орталығымен бірлесіп өткізіліп жатқан Жамбыл Жабаевтың онкүндігі 3 наурызға дейін жалғасады. Атап айтсақ, Жамбыл шығармалары эпизо-

днан виртуалды сурет көрмесі, «Менің өмірім – менің шежірем» бейнероликтер байқауы, жоғары сыныптар арасында республикалық онлайн-айтыс, Жамбыл ұрпақтарымен кездесу және әдеби-сазды кеш өткізу жоспарланған.

Мектеп директорының міндетін атқарушы Бақыт Мағзұмовамен аз-кем тілдесудің сәті түсті. Ұстаздың айтуынша, қазіргі таңда мектепте 2161 оқушы білім алып, 142 мұғалім еңбек етуде.

– Мектебімізде қазақ тілі мен әдебиетін, шет тілін, тарих пәндерін тереңдетіп оқытатын 45 гимназия сынып бар. Шет тілін тереңдететін сыныптар математика, физика, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқып жүр. Француз тілін екінші шет тілі ретінде оқытамыз. Оқушылар сабақтан тыс уақытында мектеп ішіндегі домбыра, қолөнер, робототехника, дәстүрлі өн, күрес, футбол, волейбол, баскетбол, мәнерлеп оқу, би үйірмелеріне қатысады. Біз үшін әр баланың тек білім алып қана қоймай, жеке тұлға ретінде толыққанды адам болып қалыптасуы маңызды. Кезінде жалғыз қазақ мектебі ретінде ашылып, жабыла жаздаған едік. Бүгінде білім сапасы жағынан елордадағы үздік ондықтамыз. Бірақ өкінішке қарай, далада спорт алаңы жоқ, оқушыларымыз жазда асфальттың үстінде жүгіреді. Неше жылдан бері осы мәселені шеше алмай келеміз. Биыл Байқоңыр ауданы жазда мүмкіндік тауып береміз деп отыр. Күтеміз. Үмітімізді үзбейміз, – деді Бақыт Мағзұмова.

Иә, қаншама жылдан бері бұл мәселе біздің де газеттің бетінде бірнеше рет көтеріліп келеді. Алайда аталған өңгіменің нүктесі әлі қойылмады. Мектеп ауласында спорттық алаң салынған жоқ. Оқушылар жыл бойы мектеп ішіндегі 2 спорт залда ғана шынығады. Сыртқа шығып, доп ойнап, бой жазу орындалмас арманға айналған. Ғасырмен құрдас білім ордасының күрмеулі мәселесі шешіліп, тарихта алтын әріппен жазылатын дарындылар ордасына айналатынына сенеміз.



Белгілі ақын, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Франц Кафка атындағы халықаралық «Алтын медаль» иегері, «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты Шөмішбай Сариев 75 жасына тура екі ай қалғанда өмірден өтті. 15 сәуірде дүниеге келген еді, 15 ақпанда жалғандағы татар дәм-тұзы таусылды. Замандастары поэзиясы мен ән мәтіндерін меңзеп, «Қос қанатты ақын» атап кеткен қаламгердің екінші ғұмыры басталғанына бір апта болды. Ал мына өмірде өшпес ізі, жыр-сүйер қауымның жүрегін жылытар өлеңдері қалды.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Шөмішбай Сариев 1946 жылдың көктемінде Қызылорда облысы Арал ауданы Шөміш стансасында дүниеге есігін ашты. Қамбаш орта мектебін бітіргеннен кейін Қазалы аудандық «Ленин жолы» және Арал аудандық «Толқын» газеттерінде еңбек жолын бастады. ҚазМУ-дің журналистика факультетін аяқтады. Студент күнінен «Қазақстан» баспасында жұмыс істеді. Одан кейін «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болды. Әдеби журналда жүріп бүгіндері есімдері белгілі болған бірнеше ақынның елге танылуына жол ашты.

Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса.

Шөмішбай Сариев сатира жанрына да қалам тербегені кейін көп айтылмай кетті. Кезінде дүркіреген «Тамаша» ойын-сауық отауының алғашқы авторларының бірі де өзі еді. Құдай берген ақындық талантына қоса, ғылыммен де айналысты. «Қазіргі қазақ лирикасының ізденістері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алды. «XX ғасырдың жиырмамыншы жылдардағы поэзия» монографиясын жазды. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында

Алматыға арнайы ұшып келіп, Шөке – Шөмішбайды құттықтағанмын.

– Поэзия барысы едің, енді мемлекеттің I дәрежелі «Барысы» болдың, – деп құшақтасқан сәттер көзімнен де, көңілімнен де кетпейді.

Досым, әріптесім, курстасым Шөкеңді бұл соңғы көруім екен. Жыры жүректен өшпейді» деп жазды таяуда Facebook-тегі жеке парақшасында белгілі әдебиеттанушы ғалым, академик, қоғам қайраткері Уәлихан Қалижан.

«Шөмішбай Сариев – поэзиямызға жетпісінші жылдары келген бір топ талантты ақындардың ортасында өз өлең өрнегі, өз



ЖЫРЫ ӨШПЕС ЖҮРЕКТЕН...

«1985 жылы Шөмішбай Сариев поэзия бөлімі меңгерушісі болып істейтін «Жұлдыз» журналының мамырдағы 5-саны түгел 30 шақты ақынға арналды. Бас редакторы жазушы Мұхтар Мағауин еді. Шалғай Шардарадағы Қызылқұмда мұғалім болып жүрген біздің бір топ өлеңдеріміз сол кездегі ең беделді әдеби журнал «Жұлдызда» жарқ ете қалып, жұлдызымыз жарқырап жүре берді. Ол кезде мұндай басылымдарға бір шықсаң, ертеңіне елге белгілі болып шыға келесің.

Бүкіл қазақ әдебиетінің классиктері мен мықтылары ғана шығатын «Жұлдызға» шығу оңай емес, сондықтан оған көп беттей алмай, жастар журналы «Жалынға» үйірсектеу едік. Сөйтсек Шөмішбай ағамыз өзі «Жазушы» мен «Жалын» баспаларына барып, кітапқа қолжазбаларын тапсырған жас ақындардың жырларын өзі жинап алыпты ғой! Не деген жастарға қамқорлық десеңші!..

Екі жыл бұрын «Рухани жаңғыру» аясында қазақ әдебиеті мен мәдениетінің Америкада, Нью-Йорк қаласындағы күндеріне қатыстық. Сонда Шөмішбай ағамыз ортамызды толтырып, жарқырап жүріп еді... «Сендерді мен ашқанмын» деуші еді көрген сайын бір топ жасты «Жұлдызға» шығарғанын меңзеп...» деп еске алады сол шақтарды белгілі ақын,

ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып ұзақ жыл еңбек етті.

«Шөке – Шөмішбай! Ол қазақ поэзиясында өзінің ерекше орны бар, әрі лирик, әрі азаматтық әуеннің де ақыны еді. Шөкеңмен университетте қатар оқыдық. Самарқан қаласында екі айлық әскери дайындықта бірге болдық.

Арамызда ерекше сыйластық пен сырластық бар еді. Оның үстіне М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қабырғасында бірге қызмет атқардық.

Қазақ даласындай кең, Аралындай айдын еді... Аралда туып, бақытын Алматыдан тапқан кеңпейіл, ақ жүректі ақын туралы қандай теңеу айтсаң да жарасымды. Оның өмірі өлеңмен өрілді.

Шөкеңнің ән тексттері ұлттың рухын көтеретін, жанын тербейтін.

Шөкеңнің өлеңдеріне жазылған әндер халық өлеңдеріне ұқсап кететін. «Қарағым-ай» әні сол халықтық, ұлттық болмысымен жүректен-жүрекке жетті. Әуен мен сөз жарасым тауып, халық махаббатына бөленді.

Димаш Құдайберген баламыз «Қарағым-айды» әлемге танытты. Әлемнің жанкүйер, әнсүйер қауымы сол әнді қазақша шырқады.

Өткен жылдың желтоқсанында Шөмішбай Сариев Отанымыздың жоғарғы наградасы – I дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

дауысы «ә» дегеннен белгілі болған ақындардың бірі». Бұл – көрнекті ақын Ғафу Қайырбековтің Шөмішбай шайырға кезінде берген бағасы. Ғафу ақын Серік Тұрғынбекұлы, Кеңшілік Мырзабеков сынды бауырларын еркелетіп, Сыр бойында туған Шөмішбайды

да олардан кем көрмейтін. Сол кездері үшеуі Ғафу ақынның шаңырағына жиі барып тұратын.

Шөмішбай өмірден өтті деген қаралы хабар Серік ақынның жүрегіне ауыр тиді. Өзі науқастанып жүрсе де, өткен аптаның жұма-сында ол бізге төмендегі

«Аққулары Аралдың шулап жатыр...» атты аза жырын жолдады. Екеуі түйдей құрдас, жақын дос еді. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Шөмішбай Сариев Мемлекеттік сыйлыққа түскенде, Серік ақын досын қолдап, «Шөмішбайдың табысы мен шабысы» атты мақала жазды. Бұл мақаланы «Astana aqshamy» редакциясында компьютерге теріп берген едік. Кейіннен ол «Егемен Қазақстан» газетінде «Айқын азаматтық дауыс» тақырыбымен жарық көрді.

«Ұлтын-жұртын жарты ғасыр бойы жыр жауһарына кенелтіп, жас ақыннан хас ақынға айналған аралықта шашасына шаң жұқтырмай жүйткіген тұлпар ақын Шөмішбайдың табысы мен шабысына талғам таразысымен қарасақ, оның қазақ өлеңіне қосқан үлесіне еріксіз тәнті боласың» деп жазады онда Серік Тұрғынбекұлы.

Шөмішбай Сариевтің алғашқы жыр жинағы 1974 жылы «Балдәурен» деген атпен жарық көрді. Содан кейін ондаған кітабы шықты. Мұның сыртында Г.Гулиа, О.Берггольц, И.Абашидзе, С.Викулов, А.Дементьев, Ф.Алиева, Р.Рождественский, М.Эминеску, т. б. ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Ал ән мәтіндері 300-ден асып жығылады. Соның ішінде көрнекті композитор Кеңес Дүйсекеевпен аса сәтті шығармашылық тандемде болды. Сейдолла Бәйтерек, Жанбота Тұяқ

«Ұлтын-жұртын жарты ғасыр бойы жыр жауһарына кенелтіп, жас ақыннан хас ақынға айналған аралықта шашасына шаң жұқтырмай жүйткіген тұлпар ақын Шөмішбайдың табысы мен шабысына талғам таразысымен қарасақ, оның қазақ өлеңіне қосқан үлесіне еріксіз тәнті боласың» деп жазады онда Серік Тұрғынбекұлы

баев, Гүлнәр Дәукенова, т. б. осы секілді белгілі композиторлардың әндеріне өлең жазды. Әйгілі әнші Роза Рымбаеваның репертуарындағы «Атамекен», «Сарыарқа», «Сәлем саған, туған ел», «Домбыра», «Ғашықтар жыры», т. б. әндерді бұл күндері білмейтін қазақ жоқ.

Қазақ поэзиясы мен ән өнері тарихына есімі өшпестей болып жазылған ақынның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! «Elorda Aqparat» ЖШС ұжымы, «Astana aqshamy» газеті атынан шайырдың отбасына, туған туысқандарына көңіл айтамыз.

АҚҚУЛАРЫ АРАЛДЫҢ ШУЛАП ЖАТЫР...

*Ақын деген ешқашан тозбайды ұғым,
Күн сайын эфирлерден маздайды үнің.
Аққу-қазды
Айдында қалқытқандай,
Ән мен жырдың өттің сен жазбай жұбын.*

*Жырдың жүгін атандай көтеріп ең,
Өмір деген осылай өтеді дем.
Сазгерлермен тамырың сабақтасып,
Ән мәтінін биікке көтеріп ең.*

*Тағдыр шіркін бола ма әлде осындай,
Жырың қалды теңіздің жалғасындай.
Өмірде де асығып жүруші едің,
Қайда жылдам жөнелдің
Жан Досым-ай?*

*Сен болмасаң қалардай дала жүдеп,
Туған елге жүруші ең барамын деп.
Ән мен жырдан жаралған бір мұраңдай,
Қалды артыңда сарқылмас Аралың боп.*

*Бұл өмірден өттің сен ұсақталмай,
Талантыңды тар жерде тұсап қалмай...
Жақсы көрген жандарды жібермеуші ең,
Бауырыңа бір басып құшақтамай.*

*Сөйлегенде ел үшін
Ар атымен,
Кейде тіпті от болып жанатын ең,
...Аққулары Аралдың шулап жатыр,
Қалған суды сабалап қанатымен!*

**Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ,
АҚЫН**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №20 (4144) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns for ID, Name, Date, and Description of candidates for state service, budgetary organizations, military service, space agencies, and public service.

АБАЙҒА ҚАРАП ОЙ ДА, БОЙ ДА ТҮЗЕЙМІЗ

«Былтыр елімізде Абайдың 175 жылдығы кеңінен аталып өтті. Соның аясында ауқымды жұмыс атқарылды» деп жазды Сенат төрағасы Facebook жеке парақшасында.

«Дегенмен ұлы ойшылдың өсиеттерін дәріптеу жолында бір жылмен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Өйткені біздің ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымыздың қалыптасуында хақим Абайдың ролі ерекше. Біз бойымызды да, ойымызды да Абай сөздеріне қарап түзейміз. Сондықтан ақын мұрасын дәріптеу, әсіресе, оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру қашанда маңызды.

Осы орайда елордамыздағы Музыкалық жас көрермен театрының игілікті ісін ерекше атап өткім келеді. Таяуда аталған өнер ордасында «Абай-Тоғжан» қойылымын тамашалап, керемет рухани кештің куәсі болдым. Бұған дейін көбіне ақынның ұлғайған шағын көріп келсек, бұл жолы біз жас Абайды көрдік. Оның кемеңгер болып қалыптасуының алғашқы кезеңдеріне үңілдік. Ақын лирикасының бастауына назар аудардық. Сол себепті аталған спектакльді абайтану іліміне тың серпін берген туынды деп қабылдаймын.

Шын мәнінде, ойшылдың өмір жолы – күреске толы күрделі жол. Оны Абай мен Тоғжанның махаббатынан да аңғару қиын емес. Сондай кезеңдер ақын философиясының қалыптасуына үлкен әсерін тигізгені сөзсіз. Қойылымда соның бәрі ерекше тапқырлықпен суреттелген» дейді Мәулен Әшімбаев.



Сенат төрағасы Музыкалық жас көрермен театрының ашылғанына көп бола қоймаса да, біршама қойылымдарды абыроймен сахналап шыққанын атап өтті. Олардың ішінде Мұқағалидың, Шәмшінің шығармашылығына арналған қойылымдар да бар. Бұдан бөлек ол театр әртістерінің шеберлігіне де тоқталып өтті.

«Осы ретте театрдың актерлер құрамына да тоқтала кеткен жөн. Олардың қатарында Самал Еслямова, Аян Өтепбергелі, Асылхан Төлепов сияқты белгілі дарын иелерімен бірге жас

таланттар да бар. Өнерсүйер қауымға ғажайып көңіл күй сыйлап жүрген театр актерлеріне және осы ұжымның басшысы, кәсіби режиссер, шебер ұйымдастырушы Асхат Маамиров айрықша алғысымызды білдіреміз.

Театр – классикалық өнер. Ал классика қашанда биік тұрады. Сол себепті жас театрдың ғұмыры ұзақ боларына сенеміз және соған тілекшіміз. Алар асуларыңыз көп болсын. Индеттен тезірек құтылып, зал көрерменге лық толатын күн тусын. Қазақ өнері жасай берсін!» делінген М. Әшімбаевтың жазбасында.

ЕЛОРДА ШЕЖІРЕСІ



ӘРБІР СУРЕТТЕН ӨТКЕН КҮННІҢ БЕЙНЕСІН КӨРЕСІЗ. БҮЛ ФОТО 1980 ЖЫЛЫ ҚАРАШАДА ЦЕЛИНОГРАД ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСІЛДІҢ МҮЗ АЙДЫНЫНДА КОНЬКИМЕН МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ ЖАТТЫҒУЫНДА ТҮСІРІЛГЕН. АВТОРЫ – ФОТОТІЛШІ НҮРМҰХАМАТ ИМАМОВ. ТӨМЕНДЕ – БҮГІНГІ НҮР-СҰЛТАН ТЫНЫСЫ.



Нұр-Сұлтан қаласының Триатлон паркінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қысқы триатлон жарыс өтті. «Супер спринт» қашықтығы бойынша кәсіпқойлар мен әуесқойлар арасында өткен жарыстың ұйымдастырушылары – Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі мен Нұр-Сұлтан қаласының триатлон федерациясы.



ҚЫСҚЫ ТРИАТЛОН ҚЫЗЫҒЫ

Шараның салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Серік Сәпиев, Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Ерғалиев және Нұр-Сұлтан қаласы триатлон федерациясының президенті Ержан Біржанов, «Тең мүмкіндіктер әлемі» қорының басшысы Нұргүл Ұлжекова қатысты.

Жарысқа тек елордалықтар ғана емес, сондай-ақ еліміздің әр өңірінен 200-ге жуық спортшы жиналды. Қатысушылар жүгіруден 2 шақырым, веложарыстан 3 шақырым, шаңғы жарысынан 2,5 шақырым қашықтықта бақ сынады. Қашықтықты белгіленген уақыттан кешіктірмей аяқтаған жеке жарыстың әрбір қатысушысы мәре сызығында медальдармен марапатталды.

Жас санаттары бойынша I, II, III орын алған спортшылар 23-25 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласының триатлон федерациясының кеңсесінде арнайы марапатталатын болады. Сондай-ақ іс-шараның қонақтары мен қатысушылары үшін



қоғамдық тамақтану аймағы (далалық ас үй) ұйымдастырылды.

Айта кетейік, жарыстан түскен қаражат «Саламатты болашақ» – «Спорт баршаға» әлеуметтік жобасын қолдау үшін «Тең мүмкіндіктер әлемі» қайырымдылық қорына аударылатын болады.